

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
Жалпы заң пәндері кафедрасы

**«ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУДЕГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ»
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Қарағанды, 2022

Рецензенттер:

С.К. Күмісбеков – Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры, PhD докторы полиция подполковнигі

Балгожина М.Е. - Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының доценті PhD докторы

«Қылмысқа қарсы күресудегі халықаралық ынтымақтастық» / құраст. Ф.М. Ашимханова – Қарағанды: ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2020. -73б.

«Қылмысқа қарсы күресудегі халықаралық ынтымақтастық» атты оқу құралы ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында магистранттарға негізгі көмекші құрал болып табылады. Дәріс курсы магистранттарға халықаралық жария құқығының мәнін қалыптастыруға, мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының принциптері туралы, оның мүмкіндіктері мен шекарасын түсінік береді. Дәріс курсы магистранттарға білімін жетілдіруге және кәсіби білім деңгейін қамсыздандыруға бағытталған.

© Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2022 ж.

Алғы сөз

«Қылмысқа қарсы күресудегі халықаралық ынтымақтастық» оқу құралы Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру тұғырламасы негізінде жасалған. Оқу құралы білім алушыларға жаһандану кезеңіндегі халықаралық қылмыстылықпен күресудің мазмұны, мәні және сипаты туралы толық білім беруге бағытталған.

Қазіргі өмірдің интернационалдануы мен жаһандануы тек оң ғана емес, сонымен бірге жағымсыз салдарларды да алып келеді. Олардың ішінде қылмыстардың және оның типтік үлгілерінің, ағымдары мен формаларының әртүрлі аймақтар мен елдерге таралуын зерттейді.

Мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарының қатарына адам мен азаматтың жалпыға бірдей танылған құқықтарын қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрес және қылмыстың алдын алу, қылмыстық әділет жүйесінде қылмыскерлермен қарым-қатынас жасау, қылмыс құрбандарын қорғау жатады.

Қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық-құқықтық құжаттардың қарқынды дамуы қылмыс жаһандануының сын-қатерлеріне, мемлекетішілік құқықтық тәртіпке ғана емес, халықаралық қауіпсіздікке де қатер төндіретін жаңа әрекеттердің пайда болуына жауап болды.

Соңғы уақытта Қазақстанда жалпы қылмысқа қарсы тұрудың халықаралық-құқықтық аспектілеріне және атап айтқанда халықаралық қылмыстық заңға қызығушылық айтарлықтай өсті. Олармен егжей-тегжейлі танысу қылмысқа қарсы күрес туралы отандық заңнаманың жай-күйі мен болашағын жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастық өз кезегінде құқықтық, ұйымдастырушылық және ғылыми қолдаудың қажеттілігі талданады. Ал бұл қылмыспен күресу үшін күш-жігерді біріктіруді талап етеді, өйткені оның трансұлттық құрамдас бөлігіне жеке мемлекеттер деңгейінде қарсы тұру іс жүзінде мүмкін еместігі қарастырылады.

Олар: қылмыскерлерді беру туралы екіжақты шарттар, тергеу және сот тапсырмаларын өзара екіжақты орындау, кейбір қылмыстар мен қылмыскерлер жайлы өзара мәліметтер алмасу, оларды іздеу мен ұстау, қылмыстылықтың өсуіне байланысты ынтымақтасудың жаңа түрлерін іздеу. Арнайы үкіметаралық және үкіметаралық емес халықаралық ұйымдар пайда бола бастады.

Сонымен қатар, бірқатар халықаралық актілердің ережелері қолданыстағы құқық қорғау практикасын объективті талдаудың өлшемі, құқық қорғау және сот органдары, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің кәсіби құқықтық санасын қалыптастыру құралы бола алады.

Аталмыш курстың материалын игерерден бұрын зерделенетін пәндер магистрантқа халықаралық жария құқығының мәнін қалыптастыруға, мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының принциптері туралы, оның мүмкіндіктері мен шекарасын түсінік береді.

Жақын пәндер: мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, халықаралық жария құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық процесс құқығы болып табылады.

Курсты зерделегеннен кейін қылмыспен күресудегі Қазақстан Республикасы ПО халықаралық ынтымақтастығының тәжірибелік аспектілерін баяндайтын қажетті мәселелермен танысқан дұрыс. Бұл аталмыш саладағы Қазақстан Республикасы ПО қызметін баяндайтын тәжірибелік материалдарды зерделеу кезінде жүзеге асыруға болады.

Оқитын курсты игеру үшін магистрант:

- мемлекет және құқық теориясы, халықаралық жария құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық процесс құқығы бойынша алынған базалық білімі болуы;
- Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық-құқықтық нормалар мен қағидаттар жүйесі туралы білімді меңгеру;
- салыстырмалы, логикалық, құқықтық және әдістемелік талдау дағдысының болуы;
- қылмыспен күресте мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері мен жалпы ерекшеліктері туралы білімі болуы тиіс.

Пәнді оқыту мақсаты:

Магистранттардың қылмыспен күрсеудегі халықаралық ынтымақтастықтың әдістері мен түрлерін игеру, қылмыспен күресудегі құқық қорғау органдарының бірлескен әрекеттерінің құқықтық негіздері білімін тереңдету.

Пәнді оқытудың басты міндеттері:

Арнайы курстың мақсатына қылмыспен күрсеуге қатысты халықаралық құқықтық құжаттармен жұмыс жасауды үйрену болып танылады. (шетел азаматтарын қылмыстық қудалау, қылмыстық қылмыскерлерді ұстап беру, Интерполға шығу, мемлекеттердің қылмыспен күрсеудегі ынтымақтастықтығы).

Арнайы курстың маңызды мақсаты қылмыспен күрсеудегі мемлекеттердің ынтымақтастықтығын үйлестіретін Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдарымен қолданылатын халықаралық шарттарды тәжірибелік механизмімен магистранттарды таныстыру болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

1-тақырып. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық аспектілері

Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық негіздері. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының басымды бағыттары.

БҰҰ Жарғысы. Халықаралық құқық қағидаттары декларациясы (1970 ж.). Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі жалпыеуропалық кеңестің Қорытынды актісі (1975 ж.). Вена конвенциясы (1989 ж.).

Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың ұғымы және бағыттары.

2-тақырып. Халықаралық мазмұндағы қылмыстармен күресудегі халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық құқық бұзушылық жүйесі. Халықаралық қылмыстар.

Мемлекеттердің халықаралық сипаттағы қылмыстарға қарсы күресудегі халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық қылмыстық құқықтың ұғымы, оның қайнар көздері.

Халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресудегі халықаралық-құқықтық негіздер. Қылмыстың трансұлттық белгісі. Жекелеген қылмыстардың сипаты оларға қатысты бекітілген халықаралық шарттар. Қазақстан Республикасыалық сипаттағы террористік актілер. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды заңсыз өндру және тарату. Жалған ақша жасау. Құлдыққа сату, жезөкшелерді пайдалану және адам саудасының өзге де түрлері. Теңізде жүзу саласындағы қылмыстар. Мәдени құндылықтарды жымқыру. Азаптау және өзге де қатал, тұлғаны адамгершіліксіз немесе абыройын кемсітетін жазалау.

3-тақырып. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің халықаралық-құқықтық негіздері

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің құқықтық негізі. Құқықтық көмектің деңгейі. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелерінің қатынасу тәртібі.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы тапсырма жасау тәртібі. Ынтымақтастықтың құқықтық негіздері, халықаралық құжаттар мен ұлттық нормалар. Ратификацияланған халықаралық шарттар нормаларының басымдығы. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы халықаралық шарттардың тізбесі.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің ұғымы, ерекшелігі және түрлері. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің халықаралық-құқықтық және мемлекеттік ішкі реттеу мәселелері. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск және Кишинев конвенциясы.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы тапсырманың орындалу тәртібі, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы тапсырманың орындалу тәжірибесі. Куәгерлер мен эксперттерді шетелге жіберілуіне көмек жасау. Ақпаратпен алмасу. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің құқықтық негізін жетілдіру басымдылықтары.

4-тақырып. Қылмыскерлерді ұстап берудің халықаралық-құқықтық аспектілері

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің құқықтық негізі. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің деңгейі. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы тапсырма жасау тәртібі.

Экстрадицияның ұғымы және құқықтық негіздері. Қылмыскерді ұстап беру мәселелері бойынша қатым-қатынас жасау тәртібі.

«Экстрадиция» институтының пайда болуы мен даму тарихы. Қазіргі халықаралық құқық нормаларына сәйкес қылмыскерлерді экстрадициялау. Қылмыскерлерді берудің құқықтық негіздерін, халықаралық және Ұлттық аспектілері. Ұлттық құқық нормаларының халықаралық құқық нормаларына сәйкестігі. Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық процесс заңнамасындағы нормалар.

Ұстап ұстап берудің шарты, негізі және рәсімі. Экстрадицияның түрлері. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беруден бас тарту негіздері. Экстрадицияның құқықтық негіздері, халықаралық және ұлттық аспектілері.

Шетелде шыққан қылмыстық іс бойынша шешімді орындау. Азаматы болып табылатын, бас бостандығынан айырған тұлғаларды өз мемлекетінде жазасын өтеу үшін ұстап ұстап беру. Қылмыстық қудалауды шетелдік құқыққорғау органдарына ұстап беру. Қылмыстық юрисдикцияны белгілеу және жазаны қамтамасыз ету. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру туралы сұрауларды қарау.

5-тақырып. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалаудың халықаралық-құқықтық аспектілері

Ұстап берілмеген тұлғаларға қылмыстық қудалаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау мәселелері бойынша мемлекеттердің өзара байланысу тәртібі.

Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау негізі. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау рәсімі.

Ұстап берілмеген қылмыскерлерді ұстап беруден бас тарту негіздері. Ұстап берілмегендердің құқықтық негіздері, халықаралық және ұлттық аспектілері.

Шетелде шыққан қылмыстық іс бойынша шешімді орындау. Азаматы болып табылатын, бас бостандығынан айырған тұлғаларды өз мемлекетінде жазасын өтеу үшін ұстап ұстап беру. Қылмыстық қудалауды шетелдік құқық қорғау органдарына ұстап беру.

Қылмыстық юрисдикцияны белгілеу және жазаны қамтамасыз ету. Ұстап берілмеген қылмыскерлер туралы сұрауларды қарау тәжірибесі.

6-тақырып. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын үйлестіруші халықаралық ұйымдар

Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын үйлестіруші халықаралық ұйымдар. Интерполдың құқықтық және ұйымдастырылушылық қызметінің негізі.

Интерполдың құрылымы. Интерполдың қызметінің ұйымдастырылуы. Қазақстан Республикасы Интерполының ұлттық орталық бюросы.

Қылмыстық полиция (Интерпол) халықаралық ұйымның қызметі мен құрылу тарихы. Интерполдың қызметінің негізгі бағыты, мақсаты, принциптері және міндеттері. Интерполдың құқықтық мәртебесі. Интерполдың негізгі оғандары.

Интерполдың есеп-тіркеу қызметі. Халықаралық іздестіруді ұйымдастыру. Интерполдың коммуникация құралы және қаржыландыру.

Қазақстан Республикасы Интерполының ҰОБ, ҰОБ Интерполының қызметінің мақсаты және міндеті. ҰОБ қызметі. ҰОБ Интерполымен өзара іс-әрекеттесу тәртібі.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ № к/с	Авторы, атауы	Шығарылған жылы, орны
1. Нормативтік-құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.	//http://online.zakon.kz.
2.	«Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған	//http://online.zakon.kz.
3.	Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенция (Минск қ. 22.01.1993 ж.)	//http://online.zakon.kz.
4.	Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенция (Кишинев қ. 07.10.2002 ж.)	//http://online.zakon.kz.
5.	Бас еркінен айыруға сотталған адамдарды жазаны одан әрі өтеу үшін беру туралы конвенция (Мәскеу қ., 1998 жылғы 6 наурызда)	//http://online.zakon.kz.
6.	Психикалық бұзылушылықтардан зардап шегетін адамдарды мәжбүрлеп емдеу жүргізу үшін беру туралы конвенция (Мәскеу қ., 1997 жылғы 28 наурызда).	//http://online.zakon.kz.
7.	Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы (Сан-Франциско, 1945 жылғы 26 маусымдағы).	//http://online.zakon.kz.
8.	Біріккен Ұлттар Ұйымының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы	//http://online.zakon.kz.
9.	«Қазақстан Республикасы және Канада арасындағы Қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы» шарт (Оттава қ., 2003 ж. 25 маусым).	//http://online.zakon.kz.
10.	Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасының арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт (Нью-Дели, 1999 ж. 17 тамыз).	//http://online.zakon.kz.
11.	Қазақстан Республикасы мен Румыния арасындағы 2014 жылғы 14 қарашадағы Бухарестте жасалған қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы келісім.	//http://online.zakon.kz.
12.	Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара	//http://online.zakon.kz.

	құқықтық көмек туралы конвенция (Астана қ., 2011 жылғы 17 маусымда).	
13.	Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы Шарт (Тбилиси қ., 1996 ж. 17 қыркүйек).	//http://online.zakon.kz.
14.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл және салық заңнамасын бұзу саласындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы келісім (Кишинев, 2003 жылғы 17 қыркүйек).	//http://online.zakon.kz.
15.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл және салық заңнамасын бұзу саласындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы келісім (Астана, 2006 жылғы 4 мамыр).	//http://online.zakon.kz.
16.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы келісім (Бейжің, 1993 жылғы 14 қаңтар).	//http://online.zakon.kz.
17.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт (Алматы қ., 5 шілде 1996 ж.).	//http://online.zakon.kz.
18.	Қазақстан Республикасы мен Корея Халықтық-Демократиялық Республикасының арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт (Пхеньян, 1997 жылғы 7 сәуір).	//http://online.zakon.kz.
19.	Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісім (Алматы қ., 1996 жылғы 26 тамыз).	//http://online.zakon.kz.
20.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Республикасы арасындағы қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға немесе үкімді орындауға беру туралы келісім (Улан-Батор, 1993 жылғы 22 қазан).	//http://online.zakon.kz.
21.	Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қылмыс жасаған және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын тұлғаларды ұстап беру туралы келісім (Алматы қаласы, 1997 жылғы 8 сәуір).	//http://online.zakon.kz.

22.	Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы келісім (Алматы, 1997 жылғы 2 маусым).	// http://online.zakon.kz .
23.	Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт (Алматы, 1995 жылғы 23 тамыз).	// http://online.zakon.kz .
24.	Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы келісім (Вильнюс, 1994 жылғы 9 тамыз).	// http://online.zakon.kz .
25.	Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт (Улан-Батор, 1993 ж., 22 қазан).	// http://online.zakon.kz .
26.	Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және жеке тұлғаларды ұстап беру туралы келісім (Алматы, 1995 жылғы 15 тамыз).	// http://online.zakon.kz .
27.	Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы келісім (Тегеран, 1999 жылғы 6 қазан).	// http://online.zakon.kz .
28.	Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды кейінге қалдыру үшін сотталғандарды ұстап беру туралы келісім (Киев, 1999 жылғы 17 қыркүйек).	// http://online.zakon.kz .
29.	Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт (Сеул, 2003 жылғы 13 қараша).	// http://online.zakon.kz .
30.	Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы шарт (Астана қ., 2001 ж. 5 шілде).	// http://online.zakon.kz .
31.	«Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісім» (Абу-Даби қ. 2009 жылғы 16 наурыз)	// http://online.zakon.kz .

32.	Халықаралық қылмыстық сотқа адамдарды беру туралы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы келісім (Нью-Йорк, 2003 жылғы 22 қыркүйек)	//http://online.zakon.kz.
33.	Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы 31 қазандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы	//http://online.zakon.kz.
34.	Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2022.02.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
35.	Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі (2022.02.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
36.	«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы (30.12.2021 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
37.	«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы (12.01.2022 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
38.	«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы (12.10.2021 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
39.	«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы	//http://online.zakon.kz.
40.	1961 жылғы 30 наурыздағы «Есірткі құралдары туралы бірыңғай Конвенция».	//http://online.zakon.kz.
41.	Психотроптық заттар туралы Конвенция (Вена, 1971 жылғы 21 ақпандағы)	//http://online.zakon.kz.
42.	Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 қаулысымен қабылданған)	//http://online.zakon.kz.
43.	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғысы (Минск, 1993 жылғы 22 қаңтар).	//http://online.zakon.kz.
44.	Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы 2002 ж. 7 наурыздағы № 299-II Қазақстан	//http://online.zakon.kz.

	Республикасының Заңы (11.07.2017ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)	
45.	«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 216-IV Заңы (2014.29.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
2. Негізгі әдебиеттер		
46.	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.	//http://www.akorda.kz/.
47.	Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 12 сәуір 2017 жылғы мақаласы.	//http://www.akorda.kz/.
48.	Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 14 желтоқсан 2012 жылғы Жолдауы.	//http://www.akorda.kz/.
49.	«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 10 қаңтар 2018 жылғы Жолдауы.	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
3. Қосымша әдебиеттер		
50.	Ахпанов А.Н., Роднов А.М. Проблемы расследования преступлений совершенных иностранцами на территории РК и гражданами РК за ее пределами.	Ғыл. еңб. жинағы-Қарағанды, 1997 ж.
51.	Абызов Р.М. Глобализация и международная преступность. //Проблемы борьбы с транснациональной организованной преступностью и коррупцией в условиях глобализации. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби. –	Алматы, 2009 ж.
52.	Джансараева Р.Е. Уголовная политика в сфере борьбы с транснациональной организованной преступностью и коррупцией./ Проблемы борьбы с транснациональной организованной преступностью и коррупцией в условиях глобализации. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби.	Алматы, 2009 ж.

53.	Скаков А.Б. О некоторых аспектах противодействия Казахстана транснациональной организованной преступности. /Проблемы борьбы с транснациональной организованной преступностью и коррупцией в условиях глобализации. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби.	Алматы, 2009 ж.
54.	Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. Имплементация Конвенции ООН против коррупции в Республике Казахстан. //Современные проблемы и тенденции развития уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права РК: Международная научно-практическая конференция. Т.1.	Караганда, 2009 ж.
4. Ғаламтор көздері		
55.	www.akorda.kz	
56.	Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайты	http://www.un.org/ru
57.	ТМД ресми сайты	http://www.cis.minsk.by
58.	ШЫҰ ресми сайты	http://www.sectesco.org/
59.	ЕО ресми сайты	http://europa.eu/
60.	Интерполдың ресми сайты	http://www.interpol.ru/
61.	www.zakon.kz	
62.	adilet.zan.kz/rus	
63.	www.edu.gov.kz/ru (БҒМ ресми сайты)	
64.	www.alleng.ru/d/jur/jur752.htm Cached	
65.	uristlib.ru › Учебная литература Cached – Similar	
66.	http://www.parlam.kz/	

Тақырыптар

	Мазмұны	
1	Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық аспектілері	
2	Халықаралық мазмұндағы қылмыстармен күресудегі халықаралық ынтымақтастық.	
3	Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің халықаралық-құқықтық негіздері	
4	Қылмыскерлерді ұстап берудің халықаралық-құқықтық аспектілері	
5	Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалаудың халықаралық-құқықтық аспектілері	
6	Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын үйлестіруші халықаралық ұйымдар	

1-тақырып. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық аспектілері

ЖОСПАР

1. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық негіздері.
2. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының басымды бағыттары.

Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық деп жекелеген қылмыс түрлеріне қарсы күрес, қылмыстық қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жасау мақсатында мемлекеттер халықаралық деңгейде қабылдайтын үйлестіру, ұйымдастыру-құқықтық, қылмыстық процесс шараларының кешенін түсіну керек. Қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негізін халықаралық құқықтың өзара іс-қимыл жасайтын, бірақ дербес құқықтық жүйелерінің және мемлекетішілік (ұлттық) заңнаманың нормалары құрайды.

Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық кешенді негізде құрылуы тиіс, ол тек күш құрамдастарын ғана емес, сонымен қатар саяси, құқықтық, экономикалық, ақпараттық және әлеуметтік сипаттағы бірқатар көпжоспарлы шараларды да қамтиды.

Қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыра отырып, мемлекеттер БҰҰ Жарғысында, Халықаралық құқық қағидаттары декларациясында (1970 ж.) және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі жалпыеуропалық кеңестің Қорытынды актісінде (1975 ж.), сондай-ақ Вена конвенциясында (1989 ж.) тіркелген халықаралық қатынастар қағидаттарын, сондай-ақ мемлекеттердің ұлттық заңнамасының қағидаттарын басшылыққа алады.

Қылмыстылық жағдайы және онымен күрес проблемалары мамандардың ғана емес, сонымен қатар маман емес көпшіліктің де назарын осы салаға аударып келеді. Бұл мәселе криминология құзыретіне кіреді. Ол қылмыстылықты мемлекетте немесе оның жеке аймағында белгілі бір нақты кезеңде жасалған барлық қылмыстардың жиынтығын сипаттайтын қоғамдағы әлеуметтік құбылыс деп айқындайды. Қылмыстылық – бұл болып, өзгеріп тұратын құбылыс, яғни ол қоғамның белгілі бір даму сатысында пайда болады, әлеуметтік-экономикалық құрылымдар мен нақты саяси жүйелердің тарихи ерекшеліктеріне сәйкес түрлі елеулі өзгерістерге де ұшырап отырады. Ол көбіне –көп сақтандырушы – превентивті, репрессивті және тәрбиелеу сипатындағы ішкі мемлекеттік шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, мұндай шаралар оң нәтижелерге жету үшін аздық етеді. Қылмыстықпен күресте мемлекеттер ынтымақтастығына үлкен рөл беріліп келеді.

Осындай мәселелерді зерттеумен халықаралық қылмыспен күрестегі мемлекеттердің ынтымақтастығы саласындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен қағидалар жүйесі ретінде халықаралық құқық нормаларын,

институттарын, қағидаларын жетілдіру ұлттық және халықаралық деңгейде қылмыстылықтың өсіп кетуімен негізделіп отыр.

Халықаралық қылмыстық құқықтың тарихы ХІХ ғ. соңына келіп тіреледі және оның тарихи тамыры тереңде жатыр. «Оның кейбір институттарын мемлекет пен құқықтың пайда болуының қайнар көздері жатқызылуы мүмкін. Бірінші кезекте, қылмыскерлерді ұстап беруге (әдеттен тыс қамау) қатысты және ол оның ең көне институтының бірі болуымен қатар, халықаралық қылмыстық құқықтың қайнар көзі де болып табылады. Жалпы халықаралық құқықтың белгілі бір кезеңдеуіне сәйкес келетін халықаралық қылмыстық құқықтың кезеңденуі қылмыскерлерді ұстап беру институтынан басталған»

1889 ж. Қылмыстық құқықтың халықаралық ладағы құрылды, ол барлық мемлекеттерге халықаралық қылмыстық құқықты жетілдіру ісінде ынтымақтасуды ұсынды. Мұндай ынтымақтастық халықаралық қылмыскерлерді қудалау жөнінде келісілген мемлекетаралық шаралар жүргізу арқылы көзделген болатын.

ХІХ ғ. алғашқы халықаралық-құқықтық актілер құлдық және құл саудасы мәселелеріне қатысты болды. Мысалы, 1815 ж. Вена конгресі осы мәселе жөнінде арнайы декларация қабылдады. Англия, Франция, Ресей, Австрия және Пруссия қатысушы болған. 1841 ж. Лондон шартында құл саудасы қылмыстық құбылыс деп танылды және барлық мемлекеттерді құл саудасымен айналысады деп күдіктенген теңіз кемелерін тоқтатып, тінтуге, кіріпталарды босатып, кінәлы адамдарды әділ сот органдарына беруге шақырды.

Дәл осы кезеңде халықаралық қауымдастық қылмыстылық туралы басқа да халықаралық шарттарды қабылдады. Мысалы, 1885 ж. Берлин конференциясында құл саудасының қылмыс екенін және жазаланатындығын; 1889 ж. әйелдерді саудалармен күрес жөніндегі Лондон халықаралық конгресі бекітілді; 1884 ж. Парижде су асты телеграф кабельдерін күзету туралы халықаралық конференцияға қол қойылды; 1802 ж. Англия, Франция, Испания және Голландия арасында кісі өлтіру, қасақана банкрот болу және қолдан ақша жасау жөнінде айыпталған адамдарды ұстап беру туралы Амьен шартына қол қойылды. Жоғарыда аталған халықаралық актілер халықаралық қылмыстық құқықтың нормативті-құқықтық негізінің қалыптасуының бастамасы болды. Кейінірек, ХХ ғ. 20-жылдарының аяғында қылмыстық құқықты бір ізге салу жөнінде халықаралық конференция шақырылды. Ондағы талқыланған басты мәселелер халықаралық құқықтың тәртіпке қол сұғатын қылмыстарға жатқызылатын қылмыстар туралы болды. Сонымен бірге, осы халықаралық форумдарда барлық халықаралық құқық бұзушылықты халықаралық қылмыстарға және халықаралық сипаттағы қылмыстық істерге бөлу ұсынылды.

Халықаралық қылмыстық құқық жүйесінде Халықаралық Әскери трибунал Жарғысымен (ол туралы 7-тараудың 7.7. тармағында егжей-тегжейлі баяндалған) баға жетпес үлес қосылды.

Адамзат қоғамының дамуына орай, қылмыстық құқықты жетілдіру саласында халықаралық ынтымақтастықтың объективті қажеттігі де туындайды. Халықаралық

қауымдастықта халықаралық қылмыстың құрылымы мен серпіні өзгеріп келе жатқандығы оғаш та болса, шындық. Халықаралық қылмыстардың экоцид, геноцид, адам құқықтарын жаппай «халықаралық қатынастарда құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтау және нығайту арқылы халықаралық қылмыстылыққа қарсы күресті үдету қажет және халықаралық қылмыстық құқықты одан әрі дамытып, осы саладағы халықаралық шарттардан туатын міндеттемелерді толық көлемде орындап, өздерінің ұлттық заңдарының халықаралық қылмыстық құқық талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуі үшін қайта қарап шығуы тиіс.

Халықаралық қылмыстық құқық доктринасы ұзақ уақытқа дейін халықаралық қылмыс ұғымын анықтай алады. Теоретиктердің бір тобы халықаралық қылмыстық құқықты халықаралық жария құқық саласына жатқызса, екінші бір тобы – халықаралық жеке құқыққа, келесі біреулері – халықаралық қылмыстық құқықты құқықтың жеке дербес саласы деп белгіледі. Сонымен бірге, халықаралық жария құқықтың қылмыстануына жол бермеу туралы пікірлер де айтылып жатты, яғни халықаралық қылмыстық құқық деген ұғым мүлдем жоқ деген көзқарастар да болды.

В.П.Панов құқық саласы ұғымын негіздеу үшін осы саланың құқықтық реттеу затын айқындау керек деп әділ айтып өткен. «Халықаралық қылмыстық құқық затына қандай құрамдас бөліктер кіреді? Біріншіден, бұл халықаралық шарттарда көзделген қылмыстарды ерекше тәртіпте алдын алу, тергеу жазалаудағы ынтымақтастық. Екіншіден, халықаралық құқықтың тәртіпке қауіп төндіретін жеке әрекеттерді мемлекеттердің қылмыс деп жазалауын бекіту, юрисдикция мен процессін анықтау, қылмыстық істер бойынша бір-бірлеріне құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді ұстап беру, қылмыстылықпен күрестегі халықаралық ұйым қызметтері және т.б. сияқты ынтымақтастықтың әділ соттылық ережелері мен ең төменгі стандарттарды бекітуді, құқық бұзушылармен сөйлесу және қылмыстық құқықты бір ізділікке салуды жатқызуға болады.

Сонымен, саланың зат құрылымын саралауды ескере отырып, халықаралық қылмыстық құқық – бұл халықаралық шарттарда көзделген қылмыстармен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығын реттейтін қағидалар мен нормалар жүйесі екенін атап өту қажет.

Қылмыстық құқық дегеніміз – халықаралық қылмыс пен халықаралық сипаттағы қылмыстарды ескерту, болдырмау, олармен мемлекеттердің ынтымақтастығын реттейтін халықаралық принциптер мен нормалардың жиынтығынан тұратын халықаралық құқық саласы.

Қоғамдық қатыстардың капитализациясы қылмыстылықтың, әрекеттің аса ауыр түрін туғызады, олардың халықаралық құқықтық қайшылығы сәйкес конвенцияларда анықталған, олар қоғамға қауіптілік деңгейі бойынша және мемлекет аралық қызығушылықтарға кері әсер ету мүмкіндіктеріне байланысты топтасуы мүмкін. Бірінші топқа – қалыпты халықаралық қатынастаққа зиян келтіретін қылмыстар, бұл топқа жататындар:

- ұшақтарды (кепілге алу) теуіп кету, азаматтық әуе күштерінеің қауіпсіздігіне қол сұғатын әрекеттер;

Екінші топқа – мемлекеттер мен халықтардың экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуына нұсқан келтіретін қылмыстар.

Олар: - есірткі және психотропты заттардың заңсыз саудасы;

- жалған құнды қағаздар мен ақшаны дайындау;

- қоршаған ортаға қол сұғу;

- халықтардың ұлттық мәдени мұрасына қол сұғу.

Үшінші топты – жеке немесе мемлекеттің мүлігіне, жалпы Адами моралды құндылықтарына нұсқан келтіретін қылмыстарды құрайды.

Олар: - адам саудасы (құлдар, әйелдер мен балалар саудасы);

- құлдыққа алу;

- қарақшылық;

Төртінші топты – халықаралық сипаттағы басқа да қылмыстар құрайды.

Олар: - теңіз кабелін немесе суасты құбырын зақымдау немесе зақымдау;

- кемелердің қақтығысы кезінде теңізде көмек көрсетпеу.

Халықаралық қылмыстық құқықтың тарихы ХІХғ. Соңына келіп тіреледі және оның тарихи тамыры тереңде жатыр. «Оның кейбір институттары мемлекет пен құқықтың пайда болуының қайнар көздеріне жатқызылуы мүмкін. Бірінші кезекте, қылмыскерлерді ұстап беруге (әдеттен тыс қамау) қатысты және ол оның ең көне институтының бірі болумен қатар, халықарақаралық қылмыстық құқықтың қайнар көзі де болып табылады. Жалпы халықаралық құқықтың белгілі бір кезеңденуіне сәйкес келетін халықаралық қылмыстың кезеңденуі қылмыскерлерді ұстап беру институна басталған».

1889жылы Қылмыстық құқықтың халықаралық одағы құрылды, ол барлық мемлекеттерге халықаралық қылмыстық құқықты жетілдіру ісінде ынтымақтасуды ұсынды.

Мұндай ынтымақтастық халықаралық қылмыскерлерді қудалау жөнінде келісілген мемлекетаралық шаралар жүргізу арқылы көзделген болатын. ХІХғ алғашқы халықаралық-құқықтық актілер құлдық және құл саудасы мәселелеріне қатысты болды. Мысалы, 1815ж Вена конгресі осы мәселе жөнінде арнайы декларация қабылдады. Англия, Франция, Ресей, Австрия және Пруссия қатысушысы болған 1841ж Лондон шартында құл саудасы қылмыстық құбылыс деп танылды және барлық мемлекеттерді тоқтатып, тінтуге, кіріптарларды босатып, кінәлы адамдарды әділ сот органдарына беруге шақырды.

Дәл осы кезеңде халықаралық қауымдастық қылмыстылық туралы басқа да халықаралық шарттарды қабылдады. Мысалы, 1885ж Берлин конференциясында құл саудасының қылмыс екенін және жазаланатындығын; 1889ж әйелдерді саудалаумен күрес жөніндегі Лондон халықаралық конгресі бекітілді; 1884ж Парижде су асты телеграф кабельдерін күзету туралы

халықаралық конференцияға қол қойылды; 1802ж Англия, Франция, Испания және Голландия арасында кісі өлтіру, қасақана банкрот болу және қолдан ақша жасау жөнінде айыпталған адамдарды ұстап беру туралы Амьен шартына қол қойылды. Жоғарыда аталған халықаралық актілер халықаралық қылмыстық құқықтың нормативтік-құқықтық негізінің қалыптасуының бастамасы болды. Кейінірек, ХХғ 20-жылдарының аяғында қылмыстық құқықты бір ізге салу жөнінде халықаралық конференция шақырылды. Ондағы талқыланған басты мәселелер халықаралық құқықтық тәртіпке қол сұғатын қылмыстарға жатқызылатын қылмыстар туралы болды. Сонымен бірге, осы халықаралық форумдарда барлық халықаралық құқық бұзушылықты халықаралық қылмыстарға және халықаралық сипаттағы қылмыстық істерге бөлу ұсынылды. Халықаралық қылмыстық құқық жүйесінде Халықаралық Әскери трибунал Жарғысымен (ол туралы 7-тараудың 7.7.-тармағында егжей-тегжейлі баяндалған болатын) баға жетпес үлес қосылды.

Адамзат қоғамының дамуына орай, қылмыстық құқықты жетілдіру саласында халықаралық ынтымақтастықтың объективті қажеттігі де туындайды. Халықаралық қауымдастықта халықаралық қылмыстың құрылымы мен серпіні өзгеріп келе жатқандығы оғаш та болса, шындық. Халықаралық қылмыстардың экоцид, геноцид, адам құқықтарын жаппай бұзу сияқты жана түрлері пайда болуда. Соған орай, мемлекеттерге «халықаралық қатынастарда құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтау және нығайту арқылы халықаралық қылмыстылыққа қарсы күресті үдету қажет және халықаралық қылмыстық құқықты одан әрі дамытып, осы саладағы халықаралық шарттардан туатын міндеттемелерді толық көлемде орындап, өздерінің ұлттық заңдарының халықаралық қылмыстық құқық талаптарына сәйкес болуын қаматамасыз ету үшін қайта қарап шығуы тиіс».

Халықаралық қылмыстық құқық доктринасы ұзақ уақытқа дейін халықаралық қылмыс ұғымын анықтай алмады. Теоретиктердің бір тобы халықаралық қылмыстық құқықты халықаралық жария құқық саласына жатқызса, екінші бір тобы — халықаралық жеке құқыққа, келесі біреулері — халықаралық қылмыстық құқықты құқықтың жеке дербес саласы деп белгіледі. Сонымен бірге, халықаралық жария құқықтың қылмыстануына жол бермеу туралы пікірлер де айтылып жатты, яғни халықаралық қылмыстық құқық деген ұғым мүлдем жоқ деген көзқарастар да болды.

В.П.Панов құқық саласы ұғымын негіздеу үшін осы саланың құқықтық реттеу затын айқындау керек деп әділ айтып өткен. «Халықаралық қылмыстық құқық затына қандай құрамдас бөліктер кіреді? Біріншіден, бұл халықаралық шарттарда көзделген қылмыстарды ерекше тәртіпте алдын алу,

тергеу және жазалаудағы ынтымақтастық. Екіншіден, халықаралық құқықтың тәртіпке қауіп төндіретін жеке әрекеттерді мемлекеттердің қылмыс деп жазалауын бекіту, юрисдикция мен сот іс жүргізуін анықтау, қылмыстық істер бойынша бір-бірлеріне құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді ұстап беру, қылмыстылықпен күрестегі халықаралық ұйым қызметтері және т.б. сияқты ынтымақтастықтың жеке мәселелері. Сонымен бірге, құқықтық реттеу затына қылмыстық әділ соттылық ережелері мен ең төменгі стандарттарды бекітуді, құқық бұзушылармен сөйлесу және қылмыстық құқықты бір ізділікке салуды жатқызуға болады.

Сонымен, саланың зат құрылымын саралауды ескере отырып, халықаралық қылмыстық құқық бұл халықаралық шарттарда көзделген қылмыстармен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығын реттейтін қағидалар мен нормалар жүйесі екенін атап өту қажет.

Халықаралық қылмыстық құқық халықаралық жария құқықтың жеке бір саласы. Соған орай, халықаралық қылмыстық құқықта дербес зерттеу заты, құқықтық нормаларды қамтамасыз етудің ерекше тәсілі, арнаулы қағидалар жүйесі, халықаралық қылмыс субъектілері бар. Сонымен бірге, халықаралық қылмыстық құқыққа қылмыстық құқықтың көпшілік мойындаған институттары да тән: қылмысқа бірге қатысу, қажетті қорғану, аса қажеттілік және т.б.

Халықаралық қылмыстық құқықтың қайнар көздер жүйесі, тұтастай алғанда халықаралық жария құқық институттарының жүйесін қайталайды, тек реттеу затының ерекшелігіне байланысты болмашы өзгерістері болуы мүмкін. Мысалы, халықаралық жария құқықтың негізгі қайнар көздері — екі жақты және көп жақты шарттар болып табылады. Мұндай шарттық нормалар әмбебапты және аймақтық сипатта. Ерекше орын БҰҰ аясында қабылданған шарттарға беріледі. Осы салада жүйелеу жұмысының толық аяқталмағанын айту керек. Сондықтан халықаралық қылмыстық құқыққа қатысты құқықтық нормаларды халықаралық құқықтың басқа салаларынан да табуға болады. Мысалы, өлім жазасын алып тастау туралы Конвенциялық нормалар, азаптауды болдырмау және тыйым салу туралы, кәмелетке толмағандарды, әйелдер мен балаларды түрмеде қамауда ұстау ережелерін «Халықаралық жария құқықтағы адам құқықтары» деген саладан кездестіруге болады.

Халықаралық қылмыстық құқық ұлттық құқықта қабылданған құқықтық санкцияларға сүйенеді. Соған орай, халықаралық сипаттағы қылмыстарға қатысты юрисдикцияларды мемлекеттердегі қылмыстық соттар жүзеге асырады.

Экстрадиция (фр. extradition – беру, табыстау) – мемлекеттің өз аумағындағы қылмыскерді қылмыстық жауаптылыққа тарту мақсатымен немесе сол адамға қатысты шығарылған шетел сотының үкімін орындау үшін оны басқа мемлекетке беруі.

Орыстан шыққан құқықтанушы Фёдор Мартенс өзінің еңбектерінде экстрадицияның үш кезеңін бөліп қарастырады. Оның пайымдауынша, ежелден XVII ғасырдың соңына дейін қылмыскерлерді бір елден екінші бір елге беру мүлде сирек болған. Бұл уақытта негізінен саяси сатқындар мен еретиктерге қолданылған. Екінші кезең деп қарастырылатын XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында индустриялану кезінде пайда болған темір жол, автомобильдерді тонау үрдісі көбейді. Бір мемлекеттің азаматы екінші бір елдің территориясында қылмыстарға барған жағдайлар болған. Ғалым экстрадицияның үшінші кезеңі деп 1840-1943 жылдар аралығын көрсеткен екен.

Экстрадиция туралы айтқанда қандай да бір мемлекет қылмыскер деп танылған азаматты екінші ел оңай қайтара салады деп түсінбегеніміз абзал. Себебі экстрадиция – дипломатияның құндылықтарына сүйене отырып жүзеге асатын үлкен бір процесс. Құқықтық негіздеріне келсек, экстрадиция екі мемлекет арасындағы келісімдерге немесе көпжақты қабылданған конвенцияға сәйкес жүргізіледі. Мысал ретінде 1957 жылы Парижде қабылданған Еуропалық конвенцияны айтуға болады. Егер мемлекеттер арасында қандай да осы салаға қатысты келісімдер болмаса, экстрадициялау болмай қалуы да мүмкін. Ал Еуропалық одаққа мүше мемлекеттер бір-бірінен қылмыскерлерді оңай экстрадициялап, өзге елдің заңын бұзған өз азаматтарын да тиісті мемлекеттерге тапсырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қылмыстық құқықты дамытудағы рөлі Біріккен Ұлттар Ұйымы қылмыспен күрестегі мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар қызметтерінің үйлестіру орталығы болып табылады. Мұндай қызмет қылмыстылықтың алдын алу, онымен күресу және құқық бұзушыларға ізгілік көқарасқа көмектесу саласында тәжірибелер алмасу арқылы жүзеге асырылады. БҰҰ қызметінің бұл бағыты 1872ж құрылған Халықаралық қылмыстық және пенитенциарлық комиссия (ХҚПК) қысқартылғаннан кейін 1950ж орнай бастады.

БҰҰ қызметіндегі халықаралық ынтымақастықтың дамуы, қылмыстылықтың алдын алу, онымен күресу және құқық бұзушылармен қатынас жасауды бірқатар факторлар айқындайды:

- Қылмыстың нақты қоғамның объективті негізделген әлеуметтік құбылысы ретінде болуы, мемлекеттердің олармен күресте жинақталған тәжірибелермен алмасу қажеттігі;
- Халықаралық қауымдастықта мемлекеттердің ұлтаралық корпорацияларының қылмыстық әрекеттері алаңдатушылық туғызуда;
- Ұйымдасқан қылмыстар үлкен залал әкелуде – олар мемлекеттердегі қылмыстық істердің ажырамас бөлігіне айналды;
- Бірқатар мемлекеттер үшін есірткі заттарын заңсыз сату, ұшақтарды айдап әкету, әйелдер мен балаларды сату және т.б. елеулі проблемалардың бірі болып отыр.

Жарты ғасырдан астам кезең ішінде БҰҰ қарастырып отырған мәселедегі халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру мен тиімді қолдауға жәрдемдесті. Сонымен бірге, БҰҰ-ң қосалқы органдарының да белсенді рөлі бар, оның ішінде, БҰҰ-ның қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылар мен қатынас жасау Комитетін айтуға болады.

Жағымсыз, теріс құбылыс – қылмыстылықтың алдын алу және бұлтартпау шаралары туралы мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттердің кез келген әрекеттері халықаралық ынтымақтастық заңдарына негізделуі тиіс және халықаралық құқықтың мынадай қағидаларының негізінде жүзеге асырылуы керек: мемлекеттердің дербес теңдік қағидасы, мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұқпау қағидасы, бейбітшілікті қолдау және қалықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қылмыспен күресу мәселелерімен айналысатын органдар жүйесі мынадай сипатта белгіленген:

- Қылмыстылықпен күрес және құқық бұзушылармен қатынас жасау жөніндегі БҰҰ Конгресі.
- Қылмыстылықтың алдын алу және онымен күрес жөніндегі БҰҰ комитеті.
- Ұлттық тілшілер институты.
- БҰҰ әлеуметтік қорғау ғылыми-зерттеу институты.
- Қылмыстылықпен күрес және құқық бұзушылармен қатынас жасау жөніндегі аймақтық институт.
- Қылмыстылық және қылмыстық әділ соттылық саласындағы ғаламдық ақпараттық жүйе.
- Қылмыспен күрес және оның алдын алу ісінде БҰҰ-мен ынтымақтастық жасаушы үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар.

БҰҰ Конгрестерінде, Комитет мәжілістерінде қарастырылатын мәселелердің жартысынан көбі қылмыстың алдын алуға жатқызылады. Осы саладағы БҰҰ органдарының қызметін күшейту кейінгі жалдардағы қылмыстық істердің криминологиялық аспектілерінің үдеп кетуіне байланысты болып отыр. Халықаралық қылмыспен күрес іс-тәжірибесі халықаралық және ұлттық органдардың құқық бұзушылықтардың алдын алу қызметтерінің келешегін көрсетіп отыр.

Жасалған қылмыстармен күрес деп қылмыстық әділет органдарының жасалған қылмыстарды ашу және тергеуі, кінәлы адамдарды сот органдарына тберу және жазалау қызметін айтады. Соған орай, бұл жерде ұлттық қылмыстық заңдармен жазаланатын нақты қылмыстар туралы және тәуелсіз мемлекеттердің құқық қорғау органдарының қызметі туралы сөз болып отыр. Сондықтан, халықаралық деңгейде жасалған қылмыстармен күрес мәселелерін талқылау күрделі проблема болып табылады. Осы себепке байланысты бұл мәселелердің кейбірі ғана БҰҰ-да қаралуға жаталы. Бұу органдарында қылмыскерлерді ұстап беру, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, жасалған адамдар туралы

мәліметтер алмасу; бірнеше мемлекеттер аумағында жасалған қылмыстармен күресті үйлестірудің шарттық-құқықтық негіздері сияқты мәселелер арнайы дайындалды.

ӨЗ-ӨЗІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Қылмыспен күресудегі ішкі істер органдарының ынтымақтастығының құқықтық негіздері
2. Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың ұғымы және бағыттары.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ:

Осы тақырып бойынша сабаққа дайындалу кезінде ұсынылған әдебиеттерді оқып үйрену керек. Әдебиетті оқу барысында қылмыспен күресудегі мемлекеттердің құқықтық негіздеріне назар аударылсын, атап айтқанда Халықаралық реттеу мен мемлекетшілік реттеуге баса назар аударылсын. Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың ұғымын қарастыру. Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықты негіздейтін факторлар зерделеу. Қылмыстың алдын алу аясындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыты мен нысандары, онымен күресу және құқықбұзушылықтармен айналысуды қарастыру. Қылмыспен күресу аясындағы Қазақстан Республикасының сыртқы саяси мақсатын анықтау. Ішкі істер органдарын қылмыспен күресудегі ынтымақтастықтың субъектісі ретінде қарастыру.

Екінші мәселе бойынша мемлекеттердің қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастығының негізгі бағыттарын айқындау, әрбір бағытты түсіндіре отырып: бірлескен нормашығармашылық қызметті, ақпарат алмасуды, халықаралық сипаттағы қылмыстарға қарсы күресте әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді, тәжірибе алмасуды, мамандарды оқытуды, біліктілігін арттыруды зерделеу.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

Сабақ «Тезистер және антитезистер» әдістемелігі бойынша өткізіледі.

Оқу тобы екі топқа бөлінеді. Әр топқа «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың проблемалары» тақырыбында тезис дайындау тапсырмасы беріледі. Тезистерді дайындауға 15-20 минут беріледі.

Топтар тапсырманы орындап болғаннан кейін тезистерін бір-бірімен ауыстарады. Әр топ қарсы топтың тезистеріне 10-15 минут ішінде антитезис дайындайды.

Топтар антитезистерін оқу арқылы өздерінің позицияларын негіздейді. Сөйлеуге 10-15 минут беріледі.

Сабақ соңында қорытынды шығарылады.

ТАПСЫРМА:

1. Төмендегі сұрақтарды конспектілеу:

1) Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің түрлі құқыққорғау органдарының ынтымақтастықтарының ерекшелігін ұғыну.

2) Қылмыспен күресудегі Қазақстан Республикасы ПО халықаралық ынтымақтастығының түбірлі аспектілерін анықтау.

3) Қылмыспен күресудегі ішкі істер органдарының халықаралық ынтымақтастығының тәжірибесін талдау.

2. Тақырып бойынша глоссарий құру.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

Әдебиеттің жеке тізімі бойынша оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді конспектілеу.

Тестілеу арқылы алдын-ала білім тексеру.

Төмендегі тақырыптарға реферат әзірлеу:

1. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын құқықтық реттеу мәселелері.

2. Қылмыспен күресу саласындағы халықаралық актілерді Қазақстан Республикасының ұлттық заңдарына енгізу.

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының халықаралық аспектілері.

4. Қылмыспен күресудегі Қазақстан Республикасы ПО ынтымақтастығының өзекті мәселелері.

5. Қылмыспен күресудегі Қазақстан Республикасы ПО халықаралық ынтымақтастығының басымды бағыттары.

2 тақырып. Халықаралық мазмұндағы қылмыстармен күресудегі халықаралық ынтымақтастық

ЖОСПАР:

1. Халықаралық құқық бұзушылық жүйесі. Халықаралық қылмыстар.

2. Мемлекеттердің халықаралық сипаттағы қылмыстарға қарсы күресудегі халықаралық ынтымақтастық.

ДӘРІС ТЕЗИСІ

Қазіргі әлемде жаһандану тек саясат пен экономиканы ғана емес, сонымен қатар жаһандық қауіпсіздікке қол сұғатын қоғам дамуының жағымсыз үрдістерін да ықпалдастырады. Осындай келеңсіз ғаламдану құбылыстарының қатарында бүгінде өзінің көптеген көріністері бойынша неғұрлым көрнекті трансұлттық сипаты бар қылмыс деп атауға болады.

Осыған байланысты қылмысқа қарсы күресте мемлекетаралық ынтымақтастықтың маңызды бағыты ғылыми зерттеулер жүргізу, олардың негізінде жекелеген қылмыс түрлеріне қарсы күресте әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ оларға қарсы күрес шараларын әзірлеу мақсатында халықаралық қылмыстар мен халықаралық сипаттағы қылмыстар шеңберін айқындау болып табылады.

Халықаралық сипаттағы қылмыстар үшін жауаптылық халықаралық келісімдердің негізінде туындайды. Жазаны қылмыскерлерге ұлттық соттар тағайындайды.

Халықаралық сипаттағы қылмыстарды халықаралық қауіптілік дәрежесі мен қылмыстық қол сұғушылықтың объектісіне байланысты шартты түрде мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

Бірінші топ – бұл халықаралық қатынастардың тұрақтылығына қарсы қылмыстар: халықаралық терроризм, кепілге алушылық, әуе кемесіндегі қылмыстар, ядролық материалды ұрлау, жалданушылық, заңсыз радиохабарлар тарату, т.б.;

Екінші топ – мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуына нұқсан келтіретін қылмыстар: жалған ақша жасаушылық, есірткі және психотропты заттармен жасалынатын заңсыз операциялар, контрабанда, заңсыз эмиграция, қоршаған ортаға, мәдениет құндылықтарына қылмыстық қол сұғушылық;

Үшінші топқа- адамның жеке құқықтары мен бостандықтарына қылмыстық қол сұғатын қылмыстар: құлдық, құл саудасы, әйелдер мен балалар саудасы, үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануы, порнографияны тарату, қинау;

Төртінші топ – теңізде жасалатын қылмыстар: қарақшылық, суасты кабелін немесе құбырын бұзу, зақымдау, теңіз кемелерінің соқтығысуы, теңізде көмек көрсетпеу, теңізді зиянды заттармен ластау, контитенттік қайраң пен ерекше экономикалық аймақтың құқықтық режимін бұзу, теңізде балық аулау ережелерін бұзу, т.б.

Халықаралық қылмыстық құқық халықаралық жария құқықтың жеке бір саласы. Соған орай, халықаралық қылмыстық құқықта дербес зерттеу заты, құқықтық нормаларды қамтамасыз етудің ерекше тәсілі, арнаулы қағидалар жүйесі, халықаралық қылмыс субъектілері бар. Сонымен бірге, халықаралық қылмыстық құқыққа қылмыстық құқықтың көпшілік мойындаған институттары да көп: қылмысқа бірге қатысу, қажетті қорғану, аса қажеттілік және т.б.

Халықаралық қылмыстық құқықтың қайнар көздер жүйесі, тұтастай алғанда халықаралық жария құқық институттарының жүйесін қайталайды, тек реттеу затының ерекшелігіне байланысты болмашы өзгерістері болуы мүмкін. Мысалы,

халықаралық жария құқықтың негізгі қайнар көздері – екі жақты және көп жақты шарттар болып табылады. Мұндай шарттық нормалар әмбебапты және аймақтық сипатта. Ерекше орын БҰҰ аясында қабылданған шарттарға беріледі. Осы салада жүйелеу жұмысының толық ақталмағанын айту керек. Сондықтан халықаралық қылмыстық құқыққа қатысты құқықтың нормаларды халықаралық құқықтың басқа салаларынан да табуға болады. Мысалы, өлім жазасын алып тастау туралы Конвенциялық нормалар, азаптауды болдырмау және тыйым салу туралы, кәмелетке толмағандарды, әйелдер мен балаларды түрмеде қамауда ұстау ережелерін «Халықаралық жария құқықтағы адам құқықтары» деген саладан кездестіруге болады.

Қылмыстылық проблемасы бүгінгі таңға дейін әрбір мемлекеттің ішкі ісі деп есептеліп келді. Бірақ ұлттық қылмыстылықпен күресу жағдайы қазіргі уақытта жекелеген мемлекеттерге ғана емес, бүкіл адамзатқа қауіп төндіретін қылмыстардың өсуімен күрделеніп, мемлекеттердің бірлесіп күресуін және күнделікті өзара ынтымақтасуын талап етеді. Мұндай ынтымақтасуды бірқатар факторлар қажет етеді.

Біріншіден, халықаралық қылмыстылықтың тұрақты өсуі, халықаралық терроризм, әуе көлігіндегі қылмыстар, заңсыз есірткі айналымы, қару-жарақ контрабандасы және басқа қылмыстар кеңінен қанат жайып келеді.

Екіншіден, қылмыстар жетік әрі шебер тәсілдермен жасалатындықтан, оларды бір мемлекеттің күшімен ашу қиындық туғызып отыр.

Үшіншіден, шекарамен шектелмейтін ұлтаралық қылмыстық қауымдастықтар пайдаболды. Олар өте жақсы ұйымдасқан, әрі әр түрлі елдерде өз “өкілдерін” орнықтырып, қомақты қаржы және техникалық мүмкіндіктерді иеленіп, құқық қорғау ұйымдарымен қылмыстық байланыстар орнатады.

Мемлекеттердің халықаралық қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтасуының екі түрін бөліп көрсетуге болады.

Олар:

- Шарттық- құқықтық немесе арнайы келісімдерді (конвенцияларды) бекіту арқылы болатын конвенциялық тетік.
- Халықаралық ұйымдар арасындағы институциялық тетік.

Мемлекеттердің халықараалық қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтастығының негізгі нысандары:

А) мемлекеттер арасында арнайы келісімдер бойынша бекітілген қылмыстардың алдын-алу мен ескерту;

Б) бас бостаандығынан айрылған, сотталған тұлғаларды жазасын өтеу үшін өзі азамматы болып табылатын мемлекетке немесе тұрғылықты жеріне беру;

В) Басқа мемлекеттің ұйымдарына шартты түрде сотталғандармен шартты түрде босатылған құқық бұзушыларға қадағалауды беру;

Г) басқа мемлекетке немесе халықаралық ұйымға қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін қылмыскерлерді беру;

Д) бір мемлекет азаматтарына қатысты сот төрелігі басқа елде жүзеге асқанда олардың құқықтарымен бостандықтарын қорғау;

Е) қылмыстылықтың себептері мен басқада мәселелерін бірлесіп зерттеу сондай-ақ, полицейлік және басқа органдардың қызметі жөнінде тәжірибе алмасу;

Ж) мамандар дайындау, сараптамалық қызметтер көрсету, басқа мемлекеттерге арнайы ғылыми-техникалық құралдарды жеткізу және материалдық-техникалық көмек көрсету;

И) жедел, құқықтық және басқа ақпараттар алмасу.

Халықаралық сипаттағы қылмыстар үшін жауаптылық халықаралық келісімдердің негізінде туындайды. Жазаны қылмыскерлерге ұлттық соттар тағайындайды.

Халықаралық сипаттағы қылмыстарды халықаралық қауіптілік дәрежесімен қылмыстық қол сұғушылықтың объектісіне байланысты шартты түрде мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

1. Халықаралық қатынастардың тұрақтылығына қарсы қылмыстар: халықаралық терроризм, кепілге алушылық, әуе кемесіндегі қылмыстар, ядролық материалды ұрлау, жалданушылық, заңсыз радио хабарлар тарату т.б.;
2. Мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуына нұқсан келтіретін қылмыстар: жалған ақша жасаушылық, есірткі және психотропты құжаттармен жасалынатын заңсыз операциялар, контрабанда, заңсыз эмиграция, қоршаған ортаға, мәдениет құндылықтарына қылмыстық қол сұғушылық;
3. Адамның жеке құқықтарымен бостандықтарына қылмыстық қол сұғатын қылмыстар: құлдық, құл саудасы, әйелдер мен балалаар саудасы, үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануы, порнографияны тарату, қинау;
4. Теңізде жасалатын қылмыстар: қарақшылық, суасты кабелін немесе құбырын бұзу, зақымдау, теңіз кемелерінің соқтығысуы, теңізде көмек

көрсетпеу, теңізді зиянды заттармен ластау, континенттік қайраң мен ерекше экономикалық аймақтың құқықтық режимін бұзу, теңізде балық аулау ережелерін бұзу, т.б.

Мемлекеттер терроризм, ақша белгілерін қолдан жасау, әуе кемелерін басып алу және айдап кету, есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымы, қарақшылық және басқа халықаралық сипаттағы қылмыс түрлерімен күресуде ынтымақтастықты белсенді түрде жүзеге асырады. Халықаралық терроризм халықаралық қылмыстардың ауыр түрлерінің біріне жатады. Қылмыстың бұл түрімен күрес 1937ж. басталды. Осы жылы “Терроризмнің алдын алу және оны болдырмау” Женева конвенциясы қабылданды. Бұл конвенцияда террористік деп танылған және жазалануға жататын әрекеттердің тізімі көрсетілді. Аталған конвенция күшіне енгеннен бері, ол терроризммен күресуге бағытталған кейінгі конвенциялардың қабылдануына негіз болды. Терроризм латынның “terror” – қорқыныш деген сөзінен шыққан. Дипломатиялық сөздікте халықаралық терроризмге мынадай анықтама берген: “Адамдардың орынсыз өліміне әкеп соғатын, мемлекеттер мен олардың өкілдерінің қалыпты дипломатиялық қызметін бұзатын және халықаралық байланыстардың, кездесулердің, сондай-ақ, мемлекеттер арасындағы көлік байланыстарының жүзеге асуын қиындататын халықаралық көлемдегі қоғамға қауіпті әрекет” Терроризммен күресу үшін арнайы органдар да құрылады. Мысалы, БҰҰ жүйесінде халықаралық терроризм жөнінде арнайы комитет құрылған. Оның 35 мүшесі бар. Бұл комитеттің шеңберінде террористік актілермен күрес жөніндегі конвенциялардың жобалары дайындалады. БҰҰ Бас Ассамблеясы Комитет дайындаған ұсыныстардың негізінде мемлекеттердің әрекеттерін терроризммен күресуге бағыттайды. Халықаралық, ұлттық және мемлекеттік терроризмдер ажыратылады. Мемлекеттік терроризм көбінесе басқыншылық акт деп сараланады 1984ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында “Мемлекеттік терроризм саясатына және басқа тәуелсіз мемлекеттердегі қоғамдық саяси құрылымды бұзуға бағытталған мемлекеттердің кез келген әрекеттеріне жол бермеу туралы” қарар қабылданды.

Жалған ақша немесе ақша белгілерін қолдан жасау- ертеден келе жатқан халықаралық қылмыс түрлерінің бірі. 1929ж. Ақша белгілерін қолдан жасау туралы” Женева конвенциясы қабылданды. Бұл конвенцияға сәйкес қылмыстық әрекет деп жалған ақша белгілерін жасау мен өткізу, сондай-ақ ақша белгілерін жасау немесе өзгерту, оларды өткізу-елге кіргізу, өзі үшін іздеп табу, ақша белгілерін жасау немесе өзгертуге арналған құралдарды дайындау, алу немесе иемдену танылды. Қылмыс деп, сондай-ақ, аталған әрекеттерді жасауға оқталу мен қатысу да танылады.

Әуе кемелерін басып алу және айдап кету қылмыстары 60-жылдардың аяғынан бастап кең қанат жайды. 1963ж. “Әуе кемесіндегі құқық бұзушылықтар мен басқа да әрекеттер туралы” Токио конвенциясы қабылданды. Бұл конвенцияда әуе

кемесін басып алуға мынадай анықтама берілген: “Әуе кемесінің ішіндегі тұлға заңсыз, күш көрсету арқылы немесе күш көрсетемін деп қорқыту арқылы араласу, басып алу әрекетін және басқа тәсілмен әуе кемесіне ұшу барысында құқыққа қайшы түрде қадағалау жасаса”. Токио конвенциясының кемшілігі – мұнда әуе кемесін басып алу жөніндегі әрекет қатаң жауапкершілікке алып келетін қылмыс ретінде сараланған жоқ. 1970 ж. “Әуе кемелерін заңсыз басып алумен күресу туралы” Гаага конвенциясы қабылданды, бұл конвенцияға сәйкес әуе кемесін басып алу халықаралық сипаттағы қылмыс деп танылады. Конвенцияның кемшілігі – мұнда қылмыс деп тек әуе кемесін басып алу және айдап кету танылады.

Есірткі құралдарымен және психотропты заттармен заңсыз операциялар жасау – халықаралық қылмыстардың ішіндегі кең тарлған түрі. Қылмыстың бұл түрімен күрес мемлекеттердің күштерін біріктіргенде және олардың осы саладағы ынтымақтастығы нәтижесінде ғана тиімді болады.

Есірткі құралдарын заңсыз таратумен күресуге бағытталған алғашқы халықаралық шарт 1912 ж. Гаагада бекітілді. Кейіннен бұл қылмыстармен күресуге бағытталған бірқатар халықаралық құқықтық актілер қабылданды. Олардың ішінде 1936 ж. “Есірткі құралдарының заңсыз саудасына тыйым салу туралы” Конвенция бар.

1961 ж. 1936 жылғы конвенциядан басқа барлық конвенцияларды ауыстырған, “Есірткі құралдары туралы” Біртұтас конвенция қабылданды.

1971 ж. “Психотропты заттар туралы” конвенция қабылданды. 1988 ж. “Есірткі құралдары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы” БҰҰ конвенциясы қабылданды.

Жоғарыда айтылғандай, халықаралық қылмыстылықпен күресуде мемлекеттер ынтымақтастығының екі түрі бар: шартты-құқықты, яғни арнайы келісімдерді бекіту жолымен және халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастық.

Халықаралық қауымдастық қылмыстылықпен күресу мәселелерін үкіметаралық емес ұйымдар шеңберінде үйлестіреді. Мемлекеттердің қылмыстылықпен күресу қызметін үйлестіретін мұндай орталық – БҰҰ. Сондай-ақ, бұл аяда басқа да халықаралық ұйымдардың қызметін үйлестіреді.

Халықаралық криминологиялық қоғам. Оның негізі 1934 ж. қаланған, ал 1994 ж. бастап БҰҰ-ның консультативтік мәртебесіне ие болады. Оның мәтінінде қылмыспен күресу және бұл құбылысты неғұрлым кеңірек зерттеу мәселелері бойынша ғалымдар мен практик-мамандардың күш-жігерін біріктіруге көметесу жатады. Халықаралық криминологиялық қоғам конгресстер өткізеді, ұлттық институттар арасында криминологтардың ғылыми кадрлар алмасуын ұйымдастырады, халықаралық криминологиялық курстар және семинарлар өткізеді, халықаралық орталықтар құрады.

Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы “Интерпол” – халықаралық қылмыстармен күресуге тікелей атсалысатын қылмыстық полицияның жалғыз халықаралық ұйымы боып табылады. Ол 1923 ж. орталығы Венада (Австрия) қылмыстық полицияның халықаралық комиссиясы ретінде құрылды. 1936 ж. ол өз қызметін фашистік Германияның Австрияны басып алуына

байланысты тоқтатты. Ал қазіргі күйінде ол 1946 ж. қайта құрылды. Интерполдың жарғысы 1956 ж. күшіне еніп, оған 177 мемлекет мүше болып кірді. Қазақстан оған 1992 ж. мүше болды. Интерполдың штаб-пәтері Францияда орналасқан (Лион қаласында). 1982 жылдан бері Интерпол БҰҰ-да халықаралық үкіметаралық ұйым мәртебесіне ие болды.

Интерполдың негізгі мақсаттары: әр түрлі елдердің қылмыстық полициясының барлық органдарының кең әрі өзара тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз ету және дамыту, жалпы қылмыстылықты ескертуге және онымен күресуге көмек беретін мекемелерді құру мен дамыту.

Қылмыстық істерді тергеу үстінде немесе сотта талқылау кезінде іс бойынша басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарынан не қылмыскерлер, не жәбірленушілер мен куәгерлер, не заттай дәлелдемелер мен құжаттар жайында құқықтық көмек алу қажеттілігі туындайды.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек мыналарды қамтуы мүмкін: тінту жүргізу, заттай дәлелдемелерді алу мен беру, құжаттарды беру, сараптама жүргізу, куәлардан, айыпталушылардан, сарапшылардан және т.б. тұлғалардан жауап алу, сот қарауын жүргізу, тиісті мемлекеттің сотымен сотталғандығы туралы, тұлғаның сотталғандығы жайында мәлімет беру, саусақ іздерін жіберу, т.б. ТМД мемлекеттері 1993 22 қаңтарда Минскіде құқықтық көмек пен азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы конвенция бекітті.

Қазақстанда Конвенция күші 1994 ж. 19 мамырдан күшіне ене бастады. Қазақстан Монғолиямен, Қытаймен, Түркиямен және т.б. елдермен құқықтық көмек туралы шарттар бекітті.

Қылмыскерлерді беру (экстрадиция) — бұл аумағында қылмыскер бар мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған немесе қылмыскер азаматы болып табылатын екінші мемлекетке қылмыскерді қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе күшіне енген үкімді орындау мақсатымен беруі.

Қылмыскерлерді беру мәселесі қылмыспен күресудің ең күрделісі болып табылады, өйткені ол мүдделі мемлекеттердің тәуелсіздігіне тікелей ықпал етеді. Экстрадиция процедурасы күрделі, үлкен және уақыты жағынан ұзақ, өйткені бірнеше мемлекеттің және әр мемлекет ішіндегі көптеген ведомствалардың мүдделерін қамтиды.

Қылмыскерлерді берудің процедуралық мәселелері орталық құқық қорғау органдарымен немесе дипломатиялық жолдармен шешіледі.

Халықаралық қылмыстық қықық ұлттық құқықта қабылданған құқықтық санкцияларға сүйенеді. Соған орай, халықаралық сипаттағы қылмыстарға қатысты юрисдикцияларды мемлекеттердегі қылмыстық соттар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы қабылдаған трансұлттық қылмыстарға қарсы күреске бағытталған халықаралық нормаларды имплементациялау жөніндегі институционалдық және құқықтық шараларға қарамастан, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында трансұлттық қылмыстарды заңды анықтаудың, сондай-ақ осы қылмыстардың бірыңғай ресми тізбесінің болмауы Елеулі құқықтық олқылықтар болып

табылады деп пайымдаймыз.

Халықаралық сипаттағы қылмыстардың құрамы, ең алдымен, халықаралық қылмыстық құқықта көрініс тапқан қылмыс ретінде нақты қоғамдық қауіпті әрекетті сипаттайтын белгілер жүйесін білдіреді. Сонымен бірге, халықаралық құқықтың материалдық нормаларының ерекшелігіне сүйене отырып, іс-әрекеттің осы белгілерге сәйкес халықаралық-құқықтық саралануы оларды жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығын өзі белгілемейді. Жеке тұлғалар ұлттық қылмыстық заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылықта болады (Халықаралық қылмыстық құқық нормаларына және Ұлттық қылмыстық құқық нормаларына сәйкес).

ӨЗ-ӨЗІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Халықаралық қылмыстық құқықтың ұғымы, оның қайнар көздері.
2. Халықаралық қылмыстар.
3. Халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресудегі халықаралық-құқықтық негіздер.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ:

Осы тақырып бойынша дайындау кезінде қылмыстық құқықтың мәнін, оның принциптері мен көздерін ашу керек. Халықаралық қылмыстық құқықтың материалдық және процесс нормаларының ерекшеліктерін көрсету. Халықаралық құқық бұзушылықтардың жіктелуін қарастыру: халықаралық қылмыстар және халықаралық сипаттағы қылмыстар. Халықаралық қылмыстарға сипаттама беру, олардың қол сұғу объектісі бойынша ерекшеліктері, қылмыс және юрисдикция субъектісі. Халықаралық қылмыстардың түрлерін көрсету.

Халықаралық қылмыстар мен халықаралық сипаттағы қылмыстардың ұғымы, олардың сипаты және айырмашылығы анықтау. Қылмыстың трансұлттық белгісі қарастыру. Жекелеген қылмыстардың сипаты олаға қатысты бекітілген халықаралық шарттар. Халықаззақстан Республикасыалық сипаттағы террористік актілер. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды заңсыз өндру және тарату. Жалған ақша жасау. Құл сату, жезөкшелерді пайдалану және адам сатудың өзге де түрлері. Теңізде жүзу саласындағы қылмыстар. Мәдени құндылықтарды жымқыру. Азаптау және өзге де қатал, тұлғаны адамгершіліксіз немесе абыройын кемсітетін жазалау және қарау түрлері зерделеу.

Халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресу туралы шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасы міндеттемелерін орындауда мемлекеттің ішінде қамтамасыз етілуі қарастыру. Трансұлттық қылмыстар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жолдары қарастыру.

Халықаралық сипаттағы қылмыстардың мәнін қарай отырып, қылмыс жасау субъектісі, жасалған орны, қол сұғу объектісі бойынша трансұлттық белгілерді көрсету керек. Аталған қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі юрисдикцияға назар

аударылсын. Қазақстан Республикасының Ішкі мемлекеттік құқығына сәйкес халықаралық құқық пен трансұлттық қылмыстардың түрлерін атап көрсету.

ТАПСЫРМА:

Сабақ «**Аквариум**» әдісімен өткізіледі.

Оқу тобы екі топқа бөлінеді. Бір топ оқу аудиториясының ортасына айнала отырғызылады. Екінші топ бірінші топтың сыртына айнала отырғызылады.

Ортада отырған бірінші топ, оқытушы талқыға салған транснационалды қылмысқа қарсы күрес негіздерін және проблемаларын талқылайды. Оқытушы транснационалды қылмыс түрін анықтайды (терроризм, заңсыз есірткі айналымы, адам саудасы және т.б.). Талқылауға 20-30 минут беріледі.

Екінші (сыртқы шеңбер) топ бірінші топқа қойылған проблеманы талқылауын қадағалап тыңдап отырады.

Екінші топ (сыртқы шеңбер) талқыланған мәселені басқа топқа көрсетеді (ішкі шеңбер). Содан кейін екінші топ бірінші топтың дәлелденген теориялық және практикалық аспектілерін бірін – бірімен пікірталасып талқылайды. Пікірсайыс нәтижелері мақсатына жеткендігін көрсететін қорытынды тапсырма екінші топқа беріледі (10-15 минут).

Қорытындылай келе сабақ нәтижесін дайындау.

1. ІС ОЙЫННЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ.

Ойынның мақсаты білім алушылардың қылмыстық істерді тергеу барысында халықаралық шарттарды қолдануларына тәжірибе жинақтау болып табылады. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету аясындағы шетел мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық кезінде құжаттарды толтыруларын ұйғару болып табылады.

2. ҚОЛДАНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАР.

2.1. Нормативтік негіз:

- 1993 жылғы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар және құқықтық көмек туралы Конвенция.
- қылмыспен күрестегі ынтымақтастық мәселелері бойынша екіжақты және көпжақты келісімдер.
- трансұлттық қылмыстар туралы конвенция.
- қылмыспен күрестегі ынтымақтастық бойынша ведомстволық келісімдер.
- Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессшілік заңы.
- Интерполдың Жарғысы.

2.2. Кіріспе тапсырмалар:

- ұстап беруге есептер.

- шетел азаматымен жасалған қылмыс бойынша істі шешуге есеп.
- шекарадан тыс тұрған куәгерден жауап алуға есеп шешу.
- қылмыскерді жедел-ізвестіру туралы өтінішпен Интерполға жүгінуге және Интерполдың жедел-ізвестіру туралы өтінішіне есеп шығару.
- Қазақстан Республикасының азаматымен шекарадан тыс жасалған қылмысы бойынша істі шешуге есеп.

3. ІС ОЙЫННЫҢ ОБЪЕКТІСІ.

3.1. Бағдары.

- шетелдік азаматтарға қатысты қылмыстық істерді тергеуге байланысты туындаған мәселелерді тиянақты шешулеріне магистранттарды жұмылдыру.
- халықаралық шарттармен қарастырылған ерекшеліктерді ескере отыра, қылмыстық іс-жіргізудегі олардың орнын анықтау.

3.2. Ойынның объектісінің түрі.

- қылмыстық қылмыскерді ұстап беру туралы өтінішті шетел мемлекетіне сұрау жүргізу үшін кіріспе және қорытынды құжаттардың барысы (органдар қалай қатысады, сұрауды шетел мемлекетінің қай органына жібереді, тосу нәтижесі).
- шетел азаматының барған елінде жасалған қылмысына қатысты қылмыстық іс бойынша шешім қабылдану барысы, орындаушы құжаттардың даярлануы, күту нәтижесі.
- Қазақстан Республикасында жасалған қылмыс бойынша шетелдегі куәгерден жауап алуды жүргізу құжаттарын даярлау барысы.
- қылмыскерді жедел-ізвестіру туралы өтінішті Интерполға сұрауды даярлау барысы, сұрауды құру, оны аудару, шетел азаматын жеделі-ізвестіру туралы Интерполдың сұрауын орындау.
- Қазақстан Республикасының азаматының шетелде жасаған қылмысына қатысты қылмыстық іс бойынша шешімнің қабылдану барысы.

4. ОЙЫН ІСТІҢ ҚҰРЫЛУЫ.

1. Мәселенің қойылымы, оның жалпы аталуы.
2. Мақсатпен критериялардың қалыптасуы, ақпараттың қалыптасуы (кіріспе).
3. Мәселені талдау, кіріспе негізінде болжамдар мен жоспар жобаларын өңдеу.
4. Талап етілген құжаттардың соңғы варианттарын дайындау.
5. Қабылданған шешімдерді жүзеге асыру және оны бағалау.

5. ІС ОЙЫННЫҢ СЦЕНАРИИ.

1. Ойынның мән-жайын анықтау: ойын ұжымдарын құру және ойыншылардың арасындағы өзара іс-әрекеттестік түрлері.
2. ойынның регламентін анықтау.
3. Әрбір ойын тобында тапсырмалар құру.

4. басқарушылықпен жүргізілген әрбір топтың қабылданған шешімдерін талдау және тәртібін анықтау.

5. Қабылданған шешімдерді бағалау.

Іс ойында беделдік танытқан және тиісті халықаралық нормаларды білулерін ескере отыра, басқарушылық және процессуалдық құжаттарды тиянақты құрағандығы негізіне байланысты магистранттар баға алады.

ҚОСЫМША

Лауазымды тұлғалардың тізімі.

1. Петропавловск қ. тергеушісі.
2. Петропавловск қ. прокуроры.
3. Петропавловск қ. ДВД бастығы.
4. Петропавловск қ. УКП бастығы.
5. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры.
6. Ресей федерациясының Бас прокуроры.
7. Омск қ. тергеушісі.
8. Омск қ. прокуроры.
9. Омск қ. УВД бастығы.
10. Омск қ. ОУР бастығы.
11. Қазақстан Республикасының СІМ-нің өкілі.
12. Ойын істің комментаторы.

ОЙЫН ІСКЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ МАҚСАТ.

Тұрақсыз қылмыс тобы.

- Қазақстан Республикасының 2 азаматы.
- Ресей Федерациясының 2 азаматы.
- Куба Республикасының 1 азаматы.
- 1 апатрид (Монғолиядан келген).

Бұлар Қазақстан Республикасының Петропавловск қаласында қарақшылық жасаған. «Суымаған із бойынша» Қазақстан Республикасының бір азаматы ұсталған. Оның айтуы бойынша қалған қылмысқа қатысушы топ Омск қаласының Ленина 15 мекен жайы бойынша жасырынуда деген.

Лауазымды тұлғалардың – іс ойынға қатысушылардың әрекеті.

ЗАҢДЫ КАЗУСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША ФАБУЛАЛАРЫ

1. Астана қаласында жол полициясы инспекторының көзінше дипломатиялық номері бар автокөлік адамды қағып кетті.

Сұрақ: жол полициясы қызметкерінің әрекеті?

2. Келіп түскен ақпарат бойынша Турция дипломатының багажында антиквариатқа жататын картина бар – Қазақстан Республикасының тарихи құндылығы.

Сұрақ: Аэропорттың құқыққорғау органдарының кедендік қызметінің әрекеті?

3. Егер жасалған қылмысты көруші дипломат немесе консул болған жағдайда, одан қалай куәгер ретінде жауап алынады?

4. Қазақстан Республикасындағы Италия елшілігінің ғимаратында өрт болды.

Сұрақ: Өртті сөндірмес бұрын өрт командасының командирі қандай қажетті шаралар қолдануы қажет?

5. Қазақстан Республикасының «А» деген азаматы аса үлкен көлемде ұрлық жасады және жалтарып кеткен. Оның құқыққорғау органдарымен қамауға алған сыбайластары «А» Италия қаласына туристік жолдамамен онда тұрақты қалуға бағыт алды деп мәлімдеген.

Сұрақ: Құқық қорғау органдарының әрекеті.

6. Қазақстан Республикасының азаматы қылмыстық қылмыс жасаған және Франция елшілігінен саяси баспана сұраған.

Сұрақ: Франция елшілігі қызметкерлерінің және Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының әрекеті.

6. ТМД елдерінде қылмыскерлерді ұстап беру қандай негізде бас тартылуы мүмкін. (толығымен).

1. Кестені құрау

Шектеу белгілері	Халықаралық қылмыстар	Халықаралық сипаттағы қылмыстар
Субъект		
Объект		
Жауапкершілік		
Юрисдикция		

2. Кестені құрау

Халықаралық сипаттағы қылмыстың түрлері	Халықаралық шарттың аталуы	Халықаралық шарт бойынша бағалайтын белгілер	ҚР Қылмыстық кодексі бойынша бағалайтын белгілер

3. Тақырып бойынша есептер құру:

- 5 есеп – бағасы «өте жақсы»;
 - 4 есеп – бағасы «жақсы»;
 - 2 есеп – бағасы «қанағаттанарлық».
4. Өткен тақырыптар бойынша тестілеу.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

1. Зерделеу және конспектілеу:

- 1) Геноцид қылмысы және ол үшін жазалау туралы 1948 жылғы Конвенция.
- 2) Құлдыққа қатысты 1926 жылғы Конвенция.
- 3) Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес туралы 1929 жылғы Женева конвенциясы.
- 4) Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы 1988 жылғы БҰҰ-ның Конвенция.
- 5) Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы 1970 жылғы Конвенция.

3 тақырып. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің халықаралық-құқықтық негіздері

ЖОСПАР:

1. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің құқықтық негізі.
2. Құқықтық көмектің деңгейі. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелерінің қатынасу тәртібі.

ДӘРІС ТЕЗИСІ

Мемлекеттердің қылмыстық істермен күрестегі халықаралық ынтымақтастығы – бұл халықаралық қауымдастыққа қатысушылардың іс жүзіндегі мүмкіндіктерін үйлестіруге және келісуге деген мемлекеттердің объективті сұранысы болып табылады.

Халықаралық ынтымақтастықтың қажеттігі бірқатар объективтік факторларға байланысты. Оларға: бірнеше немесе көптеген мемлекеттердің мүдделеріне қол сұғатын белгілі бір санаттағы қылмыстардың ерекше сипаты; қылмыстық әрекеттердің алдын алу және бұлтартпау жөніндегі және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудегі әрекеттерін біріктіру қажеттігі жатады.

Мемлекеттердің қылмыстық істермен күресудегі халықаралық ынтымақтастығының алғашқы сатыларында нақты қылмыстың түрлерімен күресуде және бірлескен әрекеттер, құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша жеке шешімдер қабылдау басым болды. Ал, қазіргі кезде мұндай ынтымақтасу

аталмыш проблемаға кешенді тұрғыдан қарауға негізделген. Ол мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- мемлекетаралық ынтымақтастық мәселелерін шешуге бағытталған көп жақты конвенциялар жасау;
- әмбебап халықаралық ұйымдар мен БҰҰ органдар жүйесінің және арнайы ұйымдардың қызметіне негізделген халықаралық ынтымақтастық нысандарының шарттық және институционалдық үйлесуі, мысалы Интерпол;
- мемлекетаралық ынтымақтастықтың анағұрлым икемді және тиімді нысандары ретінде екі жақты ынтымақтастықты пайдалану;
- ынтымақтастықтың материалдық және процесс аспектілерінде негізделген халықаралық-құқықтық және ішкі мемлекеттік нормалар мен тетіктерді келістіру арқылы.

Қылмыстылықпен күресудегі халықаралық ынтымақтастық мынадай мәселелерді шешеді:

1. Әлемдік қауымдастыққа қауіп төндіретін қылмыстар санатын айқындайды.
2. Осындай қылмыстардың алдын алу және бұлтартпау жөніндегі шараларды үйлестіреді, сәйкестендіреді.
3. Қылмыскерлер мен қылмыстардың юрисдикциясын бекітеді.
4. Барлық заңды құралдар мен тәсілдер арқылы жазалаудан қашып құтылмауды қамтамасыз етеді.
5. Қылмыскерлерді ұстап беруді қоса алғанда, көп жақты және екі жақты негізде құқықтық көмек көрсетеді.

Қылмыстылықпен күрес туралы халықаралық шарттар бойынша мемлекеттер міндеттемелерінің негізгі түрлері мынадай болып келеді:

- а) арнайы конвенцияларда көзделген әрекеттердің қылмыстық жазаланатынын мойындау;
- б) қылмыскерлерді іздестіру және ұстауға көмектесу;
- в) ұрланған объектілерді іздестіруге және қайтаруға көмектесу;
- г) қылмыскерлерді сотқа беру немесе қылмыс жасаған деп айыпталушы тұлғаларды ұстап беру;
- д) тергеу процессіне көмектесу.

Халықаралық сипаттағы қылмыстық істердің жеке түрлері мен мемлекеттердің оларды бұлтартпау және қылмыскерлерді жазалаудағы ынтымақтастығына мыналар жатады:

- а) құлдық және құл саудасы;
- б) есірткі және психотроптық заттарды заңсыз өндіру;
- в) теңіздегі қарақшылық;
- г) әуе кемелерін заңсыз басып алу;
- д) халықаралық терроризм;
- е) ядролық материалдарды ұрлау және т.б.

Қылмыстылықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын мемлекеттер арасындағы іргелі саяси шарттарда осы проблемаға ерекше ережелер арналатындығы айғақтайды. Мәселен, ТМД Жарғысының 2-бабында көрсетілген Достастықтың мақсаттарының бірі – бұл мүше мемлекеттер арасында халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және қарусыздануды іске асыруда ынтымақтасу, сондай-ақ басқа да құқықтық қатынастарда өзара құқықтық көмек көрсету және ынтымақтастық болып табылады. Сонымен бірге, осы құжатта ТМД елдерінің бірлескен қызмет аясы айқындалған. Оларға адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен қатар, сыртқы саяси қызметті үйлестіру, ұйымдасқан қылмыспен күресу жатқызылады. ТМД қатысушы-мемлекеттерінің ынтымақтасуының құқықтық саласына азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық саласына азаматтық, лтбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мен құқықтық қатынастарды дамыту, модельді заң актілерін дайындау және басқа да бағыттардағы жұмыстар кіреді. Жарғының 29-бабында, ТМД мүше-мемлекеттері құқық саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады, соның ішінде құқықтық көмек көрсету туралы көп жақты және екі жақты шарттарды жасау арқылы және ұлттық заңдарды жақындастыруға көмектеседі деп белгіленген.

1993 ж. 22 қаңтарында Минскіде «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы» Конвенцияға қол қойылды. Оған тоғыз мемлекет қатысты: Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Молдова Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Украина.

Бұл Келісім кіріспеден және 83 баптан тұрады. Қарастырылып отырған проблемаға орай, «Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек» деп аталатын IV бөлімге жүгінсек, онда әдеттен тыс беру (экстрадиция), қылмыстық құралдар жүзеге асыру және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы арнайы ережелер көзделген. Конвенция мүше-мемлекеттердің «бір-бірлерінің талап етуі бойынша, аумақтарындағы адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін беру» міндетін белгілейді (56-баптың 1-тармағы)

Онда сондай-ақ, әдеттен тыс ұстап бас тарту, оны кейінге қалдыру шарттары, беру туралы талап қайшылықтарының негіздері көрсетілген; берілген адамды қылмыстық қудалау шегі мен басқа да жағдайлар айқындалған.

«Ұстап беру» (экстрадиция – extradition деген француз сөзі мен ex + traditio беру деген латын сөзі) ұғымына халықаралық құқық теориясында көп көңіл бөлінген. Профессор Л.Н.Галенская ұстап беруді мемлекеттің қылмыскерді басқа мемлекетке халықаралық құқық нормаларына сәйкес, қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе қылмыстық жазаны қолдану үшін беру процесі ретінде айқындайды. Ал, профессор Р.М.Валеев қылмыскерлерді ұстап беру институтын халықаралық және ұлттық құқықтың тоғысындағы институтына жатқызады. Қылмыскерлерді ұстап беру институты халықаралық шарттар мен халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған қағидаларына негізделеді. Бұл мемлекеттің

аумағындағы айыпталушы немесе сотталушыны қылмыс жасаған немесе азаматы болып табылатын немесе қылмыстан зәбір көрген мемлекеттің сұратуы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін ұстап беруден тұратын құқықтық көмек актісі болып табылады.

Қылмыскерлерді ұстап беру институтына мынадай белгілер тән:

- ұстап беру рәсімі негізделетін нормалардың кешенді сипаты – мұндай жағдайда екі дербес құқықтық жүйе – ішкі мемлекеттік және халықаралық құқық нормалары өзара әрекеттеседі;

- мұндай мәселелерді дербес шешуге қабілетті халықаралық құқықтың негізгі субъектісі ретінде мемлекеттің құзыреті;

- ұстап беру қылмыстық іс жасаған жеке адамдарға қатысты ғана жүзеге асырылады;

- ұстап берілген адам сотпен қудаланады немесе берген мемлекеттің сот органы белгіленген жазаға тартылады.

Ұстап беру мемлекеттердің қылмыстық істермен күресіндегі құқықтық өзара көмек актісі болып табылады. Халықаралық құқықтың бұл институтының мазмұны әлемдік бірлестіктің халықаралық қылмыстылықпен күрес саласында күштерін ортақ біріктірулеріне байланысты жаңа мазмұнмен толықтырылды.

Бейбітшілікке қарсы халықаралық қылмыстар, әскери қылмыстар, азаматқа қарсы қылмыстар жасаған адамдарды ұстап беру туралы мәселе алғаш бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін герман императоры Вильгельмге қатысты талқыланған болатын. БҰҰ антигитлерлік коалицияны ұйымдастырушылық және құқықтық рәсімдегеннен кейін ғана бұл институтты жоғарыда аталған қылмыскерлерге қолдануға мүмкіндік туды.

Халықаралық қылмыстық істердің жеке түрлерімен күресудегі халықаралық келісімдер қылмыскерлерді ұстап берудің құқықтық негіздері болып табылады. Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттер екі жақты тәртіпте әдеттен тыс ұстап беру (экстрадиция) немесе қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету турал шарттар жасай алады. Қылмыскерлерді ұстап беру үшін заңдық негіздерді белгіленген кезде ұлттық заңдардың нормалары мен өзара көмек қағидасының болуы назарға алынады.

Халықаралық қылмыстық құқықта қылмыскерлерді ұстап беру шарттарына мыналар жатады:

- жасалған әрекет ұстап беру туралы шартта көзделу тиіс немесе қылмыстық істердің жеке түрлері бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттарда белгіленуі керек;

- қылмыстық әрекет екі мемлекеттің қылмыстық заңдарында бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатын болуы тиіс (аумағында қылмыскер жүрген мемлекет пен ұстап беруді талап етуші мемлекет).

- Ұстап берілетін адам жасаған қылмысы үшін ғана сотталады;

- әдеттен тыс ұстап беру (экстрадиция) талаптары бойынша қылмыскерді ұстап берген мемлекеттің заңында өлім жазасы көзделмеген болса, адамға ондай жаза қолданылмайды;

- егер беру туралы өтініш түрмеде қамау туралы үкімді орындау мақсатында немесе осындай құқық бұзушылық үшін бас бостандығынан айыру шарасын іске асыру мақсатында іздестірілетін адамға қатысты болса, онда мұндай жазалаудың аяқталуына кем дегенде төрт-алты айдай мерзім қалған жағдайда ғана рұқсат етіледі (мемлекеттер арасындағы келісім бойынша)

1990 ж. желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясы «Қылмыскерлерді ұстап беру туралы үлгі шарт» қарарын қабылдайды. Осы ұсынымдық сипаттағы актінің қабылдануы БҰҰ мүше-мемлекеттеріне қылмыстық істермен күресу мәселелеріндегі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық тиімділігінің артуына көмектеседі. Әлемдік қауымдастықтың ұсынысы бойынша ұстап беруден бас тартудың императивті және факультативті негіздері болды.

Төменде көрсетілген мән-жайлардың кез келгені бойынша қылмыскерлерді ұстап беруге рұқсат берілмейді (императивті негіздер):

а) егер ұстап беру туралы келіп түскен өтініш бойынша құқық бұзушылық суратқан мемлекетке саяси сипаттағы құқық бұзушылық ретінде қарастырылатын болса;

б) егер сұратылған мемлекет ұстап беру туралы өтініш адамды нәсілі, діни сенімі, азаматтығы, тегі, саяси көзқарасы, жынысы немесе мәртебесі белгілеріне қарай немесе соттық қудалау мақсатында сұратады деп немесе қандай да бір себептермен байланысты мұндай адамға зиян келеді деп ойласа;

в) егер құқық бұзушылыққа қатысты ұстап беру туралы келіп түскен өтініш бойынша әскери құқық бұзушылық деп танылса, бірақ әдетте қылмыстық құқықта олай есептелмесе;

г) егер сұратылған мемлекетте адамға жасаған құқық бұзушылығы үшін түпкілікті үкім шығарылып қойылса;

д) егер ұстап беру туралы өтініш келіп түскен адам екі жақтың бірінің заңы бойынша ескеру мерзімін немесе рақымшылық актісін қоса алғанда, соттық қудалаудан немесе жазалаудан иммунитеті бар болса;

е) егер ұстап беру туралы өтініш келіп түскен адам сұратылатын мемлекетте азапталатын болса, ар-намысын қорлайтындай әрекет жасалатын болса немесе оған қатысты қылмыстық бақылау процесінде ең төменгі кепілдіктер қолданылмайтын болса;

ж) егер сұратылған мемлекетте сот шешімі адамның қорғалуын жеткілікті қамтамасыз етпей немесе ол жоқ кезде істі қайталап тыңдауды қамтамасыз етпей шығарылса.

Басты тараудың факультативті негіздеріне мыналар жатады:

а) егер ұстап беру туралы өтініш келіп түскен адам сұратылған мемлекеттің азаматы болса;

б) егер ұстап беру туралы өтініш келіп түскен адамға қатысты сұратылған мемлекеттің құзыретті органдары істі қозғамау немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы шешім қабылдаса;

е) егер ұстап беру туралы өтініштің түсуіне байланысты құқық бұзушылыққа қатысты соттық қудалау сұратылған мемлекетте ұстап беру талап етілген адамға қатысты іс қозғалатын болса;

г) егер ұстап беру туралы өтініш келіп түскен құқық бұзушылыққа сұрататын мемлекетте өлім жазасы тағайындалатын болса, дегенмен, егер мемлекет өлім жазасын тағайындамауға немесе оны орындамауға жеткілікті кепілдік берсе, адам ұстап берілуі керек.

Қылмыскерлерді ұстап беру туралы өтініш жазбаша нысанда жіберіледі. Өтініштер, куәландыратын құжаттар және хабарламалар дипломатиялық жолдаумен немесе тікелей келісімде белгіленген және тараптар тағайындаған құзыретті органдар арасында беріледі. Сөйтіп, ұстап беру туралы өтініште талап етілетін тұлға мен қажетті мәліметтердің барлығы анық сипатталуы тиіс. Мұндай мәліметтерге:

- нақты қылмысты саралайтын заңның тиісті ережелері мен осындай құқық бұзушылыққа тағайындалатын жазаның сипаттық мәтіні;

- бұл адамды ұстауға ордер немесе ұстап беру туралы өтінішке қатысты құқық бұзушылықты сипаттайтын осындай ордердің куәландырылған көшірмесі; көзделген құқық бұзушылықты құрайтын әрекет немесе әрекетсіздікті, жасалған уақыты мен орнымен бірге сипаттау;

- айыптау бөлімін мазмұндайтын шешімінің немесе кез келген басқа құжаттың және шығарылған үкімнің түпнұсқасы не куәландырылған көшірмесі, егер адам құқық бұзушылық үшін сотталған болса, үкімнің орындалғанын және тағайындалған жаза мерзімін немесе қалған мерзімін көрсету;

- егер адам өзі жоқ болған кезде, немесе құқық бұзушылық үшін сотталса, онда жоғарыда аталған барлық құжаттармен бірге, өзі жоқ болған жағдайда істі қайталап тыңдау үшін нақты адамның қолында бар құқықтық құралдарды сипаттау керек.

Шығындарға келетін болсақ, ұстап беру туралы өтінішке байланысты туындайтын барлық сот талқылауының шығындарын сұратушы мемлекет құзыреті шегінде төлейді. Сұратушы мемлекет, сондай-ақ беру туралы өтініш келіп түскен адамдарды қамауға алуға және ұстауға байланысты және өз аумағында адамды қамауға алу мен мүліктерді беруге байланысты шығындарды төлейді. Сұратқан мемлекет сұралған мемлекет аумағынан адамды алып кетуге байланысты транзиттік шығындарды қоса алғанда шығындарды көтереді.

ӨЗ-ӨЗІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің құқықтық негізі.
2. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің деңгейі.

3. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы тапсырма жасау тәртібі.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ:

Осы тақырыпқа дайындық кезінде қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек қылмыспен күресте мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы бағыттарының бірі екенін ескеру қажет, бұл ретте құқықтық көмек тек қылмыстық істер бойынша ғана мүмкін болатынын ескеру қажет. Ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін, халықаралық құжаттар мен ұлттық нормаларды көрсету қажет. Ратификацияланған халықаралық шарттар нормаларының басымдығына баса назар аудару керек. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы халықаралық шарттардың тізбесі.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектің ұғымы, ерекшелігі және түрлері анықтау. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің халықаралық-құқықтық және мемлекеттік ішкі реттеу мәселелері тоқталып өту. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск және Кишинев конвенциясының сипатын қарастыру. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы тапсырманың орындалу тәртібі, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы тапсырманың орындалу тәжірибесі. Процессуальдық әрекет жүргізу туралы тапсырманы орындау. Куәгерлер мен эксперттерді шетелге жіберілуіне көмек жасау. Ақпаратпен алмасу. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің құқықтық негізін жетілдіру басымдылықтары зерделеу.

ЖОСПАР

1. Қылмыскерлерді экстрадициялау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының екіжақты халықаралық шарттардың ұсынылған тізімін зердеу:

- 2009 жылғы 16 наурыздағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әміліктері арасындағы келісім (Күшіне енді 2012 жылдың 22 қыркүйегінде).

- 1996 жылдың 17 қыркүйегіндегі азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы келісім (Күшіне енді 2006 жылдың 14 шілдесінде).

- 1999 жылдың 17 тамызындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Үнді Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 2000 жылдың 22 қыркүйегінде).

- 1993 жылдың 14 қаңтарында азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 1995 жылдың 12 шілдесінде).

- 1997 жылдың 7 сәуіріндегі азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Корей Халық Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 2001 жылдың 28 шілдесінде).

- 1996 жылдың 26 тамызында азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 1998 жылдың 18 желтоқсанында).

- 1994 жылдың 9 тамызында азаматтық,отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Литов Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 1999 жылдың 8 сәуірінде).

- 1993 жылдың 22 қазанында азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы келісім (Күшіне енді 1994 жылдың 14 сәуірінде).

- 1994 жылдың 9 тамызында азаматтық,отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 2001 жылдың 9 ақпанында).

- 1995 жылдың 15 тамызындағы қылмыстық істер және экстрадициялау бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Туркия Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 2000 жылдың 12 шілдесінде).

- 1997 жылдың 2 маусымындағы азаматтық,отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы келісім (Күшіне енді 1998 жылдың 29 қарашасында).

- 2011 жылдың 17 маусымындағы және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы мен Испания Әмірлігі арасындағы келісім (Күшіне енді 2012 жылдың 1 желтоқсанында).

2. Осы анализге сүйене отырып қарастырылған келісім шарттармен салыстырмалы кесте құру:

№	Шарт-тың атауы	Субъектінің қарым-қатынас шеңберінде құқықтық қылмыстық істер бойынша көмек көрсету	Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету негіздері	Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмектен бас тарту негіздері	Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мерзімі	Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің ерекше шарттары	Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы нұсқаулық

ЖОСПАР

Оқу топбы үш топқа бөлінді. Әрбір топқа тапсырмалар берілді:

- Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма жіберу алгоритмі;

- Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма орындау алгоритмі;

Тапсырманы орындау үшін 20-25 минут беріледі. Алгоритмді дайындау барысында әрбір позицияға Қазақстан Республикасының ішкі заңнамасының және халықаралық шарттардың баптарына орынды сілтеме жасау керек..

Келесідей нормативтік құқықтық актілерді пайдалану:

- 1993 жылдағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар мен көмек көрсету туралы Минск конвенциясы;

- 2002 жылдығы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар мен көмек көрсету туралы Кишинев конвенциясы;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесс кодексі.

Тапсырма орындалғаннан кейін әрбір топ орындалған алгоритмдерді ұсынады. Ұсынылған үш презентация салыстырылады және жалпы позициялар анықталады.

Орындалған жұмыс нәтижелерін қорытындылау және шешуші дауыс оқытушыда.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекке қатысты келесідей нормативтік құқықтық актілерді зерделеу және конспектілеу:

1. – 2002 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Кишинев Конвенциясын;

2. – 1993 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясын конспектілеу:

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

Тақырып бойынша есептерді дербес құрау.

1. Қылмыстық, азаматтық отбасылық істер бойынша құқықтық қатынастар және құқықтық көмек туралы Кишинев және Минск Конвенцияларын конспектілеу.

2. Алдын-ала білім тексеру. Аталмыш пән бойынша тестілермен оқу-әдістемелік кешенде танысуға болады.

4 тақырып. Қылмыскерлерді ұстап берудің халықаралық-құқықтық аспектілері

ЖОСПАР:

1. Экстрадицияның ұғымы және құқықтық негіздері.

2. Қылмыскерді ұстап беру мәселелері бойынша қатым-қатынас жасау тәртібі.

ДӘРІС ТЕЗИСІ

Қылмыскерлерді беру (экстрадиция) қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттердің өзара көмек институты ретінде біздің дәуірге дейін пайда болды, бірақ оның прогрессивті дамуы мен қалыптасуы феодалдық құрылыстың ыдырауы, капитализмнің пайда болуы мен дамуы кезінде орын алады. Жекелеген елдерде қылмыскерлерді ұстап беру туралы жекелеген заңдар қабылданды. Бұл заңдардағы қылмыстар атап өтілді, оларды жасағаны үшін мемлекеттер шетелге қашып кеткен қылмыскерлерді ұстап беруді талап ете алады, осы заңдар ұстап беру рәсімін реттеді. Мұндай заңды орнатқан бірінші ел 1833 жылы Бельгия болды.

Аталған институттың дамуына қарай қылмыскерлерді беру тәжірибесі барынша айқындыққа ие болады. Пана құқығы берілген адамдар тобы басқа елде саяси себептер бойынша қылмыс жасаған адамдар азая бастады және шектелді. Осы уақыттан бастап мемлекеттер қарапайым жалпы қылмыстық заңдар бойынша жазаланатын саяси уәждері мен мақсаттары жоқ іс-әрекеттер жасаған құқық бұзушыларға қарсы жалпы күш-жігерді біріктіру қажеттігіне сендіре бастайды. Қылмысқа қарсы күресте мемлекеттердің өзара көмегі мен ынтымақтастығының неғұрлым қолайлы нысаны ретінде қылмыскерлерді ұстап беру туралы шарттар таратылады.

XX ғасырда беру институтының негізгі принциптері бірнеше рет халықаралық конгрестер мен конференциялардың тақырыбы болды. 1910 жылы экстрадициялау мәселелері Халықаралық қылмыстық құқық қауымдастығының Конгресімен талқыланды. 1-ші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін қылмыстық қылмыскерлерді беру туралы мәселені Ұлттар Лигасы сарапшыларының арнайы комитеті қарады. 1935 жылы экстрадициялау мәселелері Копенгагенде Халықаралық қылмыстық құқық конгресінде талқыланды. Онда ұстап беру туралы келісім жасасу кезінде ескеру ұсынылған жалпы ұсыныстар жасалды.

Екінші дүниежүзілік соғыс осы ұсынымдарды іске асыруды тоқтатты. 1957 жылы ғана олар қылмыскерлерді ұстап беру туралы Еуропалық Кеңестің келісім-шарты атауымен белгілі Еуропалық Конвенцияны жасасу кезінде белгілі бір дәрежеде ескерілді.

1969 жылы Римдегі өзінің 10-шы конгресінде Халықаралық қылмыстық құқық қауымдастығы қылмыскерлерді берудің өзекті мәселелерін қарастырды. Бұл конгрестің жұмысына кеңес делегациясы қатысты, оның ішінде делегацияның екі мүшесі-В. М. Маркелов және В. П. Шупилов нацистік қылмыскерлерді беру мәселесіне арналған баяндамалармен сөз сөйледі. Сол кезде бұл мәселе 1968 жылы әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік туралы қарардың қабылдануына байланысты ерекше өзекті болды.

Социалистік мемлекеттердің құқықтық көмегі туралы шарттар 1957-1959 жж. жасалған қылмыскерлерді ұстап беру институтын дамытудағы тарихи кезең болып табылады.

Экстрадиция халықаралық және мемлекетішілік құқық тоғысындағы құқықтық институттарға жатады. Қылмыскерлерді беру институтының заңдық мәні

материалдық және процесік құқығы нормаларында көрініс табады, өйткені халықаралық-құқықтық нормаларды да, сондай-ақ мемлекеттердің ұлттық қылмыстық және қылмыстық процесік заңнамасының нормаларын да қамтиды және осылайша кешенді салааралық сипатта болады.

Қылмыскерлерді беру институтының халықаралық-құқықтық маңызы мемлекеттердің жазаның бұлтартпастығы қағидатын іске асыру жөніндегі ынтымақтастығының нысаны ретінде айқындалады, бұл қазіргі заманғы юриспруденцияда экстрадицияны нормативтік-құқықтық бекіту жөніндегі халықаралық және мемлекетшілік тәртіптің әртүрлі құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі шеңберінде мемлекетшілік деңгейде экстрадицияны құқықтық реттеуді қылмыстық және қылмыстық процесс кодекстері жүзеге асырады.

Қаралып отырған нормативтік актілерде экстрадицияның заңды анықтамасы берілмеген, ол сондай-ақ Кишинев және Минск конвенцияларында жоқ, алайда конвенцияларда ұстап берудің негізгі түрлері көзделген: қылмыстық жауапкершілікке тарту және үкімді орындау үшін. Заң ғылымында «экстрадиция» ұғымының әртүрлі түсіндірмелері бар, бұл, әрине, құқық шығармашылық қызметке де, құқық қолдану қызметіне де әсер етеді. Ұстап беру ұғымы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілуі тиіс.

Экстрадиция деп адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе айыптау үкімін орындау мақсатында басқа мемлекетке халықаралық келісімде көзделген беруді білдіретін құқықтық көмек түрі түсініледі.

Халықаралық шарттарға сәйкес тараптар сұрау салу бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін өздерінің аумақтарында тұрған адамдарды бір-біріне беруге міндеттенеді.

Минск және Кишинев Конвенцияларына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап беру сұрау салушы және сұрау салынатын тараптардың ішкі заңдары бойынша қылмыстық жазаланатын және жасалғаны үшін кемінде бір жыл немесе неғұрлым қатаң мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген әрекеттер үшін жүргізіледі. Үкімді орындауға келтіру үшін ұстап беру сұрау салушы және сұрау салынатын тараптардың ішкі заңнамасына сәйкес қылмыстық жазаланатын болып табылатын және оларды жасағаны үшін ұстап берілуі сұратылып отырған адам кемінде алты ай мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе неғұрлым қатаң жазаға кесілген әрекеттер үшін жүргізіледі.

Ұстап беру туралы сұрау салуда мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- сұрау салушы және сұрау салынған тараптардың әділет мекемесінің атауы;
- ұстап беру туралы сұрау салумен жүгінуге негіз болған іс-әрекеттің нақты мән-жайларының сипаттамасы және сұрау салушы тарап заңының мәтіні, соның негізінде бұл әрекет қылмыс деп танылады, осы заңда көзделген жазалау шаралары көрсетіле отырып;

- ұстап беруге жататын адамның тегі, аты, әкесінің аты, оның туған жылы мен жері, азаматтығы, тұрғылықты немесе болатын жері, мүмкіндігінше - сыртының сипаттамасы, фотосуреті, саусақтарының іздері және оның жеке басы туралы басқа да мәліметтер;

- қылмыспен келтірілген залалдың мөлшері туралы деректер және оны өтеу туралы мәліметтер.

Ұстап беру туралы сұрау салуға қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қамауға алу және айыпталушы ретінде тарту туралы қаулылардың куәландырылған көшірмелері қоса берілуге тиіс.

Үкімді орындау үшін ұстап беру туралы сұрау салуға оның заңды күшіне енгені туралы белгісі бар үкімнің куәландырылған көшірмелері және соның негізінде адам сотталған қылмыстық заң ережесінің мәтіні қоса берілуге тиіс. Егер сотталған жазаның бір бөлігін өтеген болса, онда бұл туралы деректер де хабарланады.

Ұстап беру туралы сұрау салуды алғаннан кейін сұрау салынатын тараптың құзыретті әділет мекемесі ұстап беру жүргізілмейтін жағдайларды қоспағанда, ұстап беру сұратылып отырған адамның орналасқан жерін анықтауға және оны қамауға алуға дереу шаралар қабылдайды.

Ұстап беру сұратылып отырған адам өтініш бойынша ұстап беру туралы сұрау салуды алғанға дейін қамауға алынуы мүмкін. Өтінішхатта сұрау салушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің қамауға алу туралы шешіміне немесе заңды күшіне енген үкімге сілтеме және ұстап беру туралы сұрау салу қосымша ұсынылатынын көрсету болуға тиіс. Ұстап беру туралы сұрау салуды алғанға дейін қамауға алу туралы өтінішхат түпнұсқаны поштамен немесе курьермен бір мезгілде жібере отырып, коммуникацияның техникалық құралдарын пайдалана отырып берілуі мүмкін.

Ұстап берілуі сұратылып отырған адам ұстап беру туралы сұрау салуды алғанға дейін және оны халықаралық (мемлекетаралық) іздестіру жариялауға байланысты қамауға алынуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сұрау салушы тараптың құзыретті әділет мекемесінің бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу туралы шешімі немесе заңды күшіне енген үкім оны қамауда ұстауға негіз болып табылады.

Ұстап беру туралы сұрау салу, егер осы тараптың заңнамасында өзгеше белгіленбесе, ол сұрау салынатын тараптың құзыретті әділет мекемесіне келіп түскеннен кейін 30 күн ішінде қаралуға жатады. Ұстап беру туралы сұрау салуды қарау нәтижелері туралы сұрау салушы тараптың әділет мекемесіне хабарланады.

Егер ұстап беру туралы сұрау салуда барлық қажетті деректер болмаса, онда сұрау салынатын тараптың әділет мекемесі қосымша мәліметтерді сұрата алады, ол үшін 30 күнге дейінгі мерзімді белгілейді. Бұл мерзім сұрау салушы тараптың әділет мекемесінің өтініші бойынша тағы 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

Ұстап беру туралы мәселе шешіліп жатқан қамауға алынған (ұсталған) адамды күзетпен ұстау орнына орналастыру үшін сұрау салушы тараптың құзыретті әділет мекемесі шығарған қамауға алу туралы шешім немесе егер бұл оның

заңнамасында көзделген болса, сұрау салынатын тараптың құзыретті әділет мекемесінің шешімі негіз болып табылады.

Сұрау салынатын тараптың аумағында қамауға алынған адам, егер: сұрау салушы тараптың құзыретті әділет мекемесіне осы адамды босату қажеттігі туралы хабарлама келіп түссе; ұстап беру туралы сұрау салу және оған қоса берілетін құжаттар іздестіріліп жатқан адамды ұстау және қамауға алу сәтінен бастап 40 күн ішінде ұсынылмаса; сұрау салынатын тарап сұратқан ұстап беру туралы сұрау салуға қосымша мәліметтер белгіленген мерзімде ұсынылмаса, дереу босатылуға тиіс.; қамауға алу туралы шешімде көрсетілген ұстап беруге жататын адамды күзетпен ұстау мерзімі өтіп кеткен және сұрау салушы тарап осы мерзімді ұзарту туралы шешімнің көшірмесін ұсынбаған.

Егер ұстап беру сұратылып отырған әрекет сұрау салынатын тараптың аумағында жасалса, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін. Ұстап беруден бас тартылған жағдайда сұрау салушы тарап бұл туралы шешім қабылданған сәттен бастап 10 күн ішінде бас тартудың негіздері туралы хабардар етілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 590-бабына сәйкес адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) жол берілмейді:

1. Егер:

1) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса және Қазақстан Республикасының сұрау салушы тараппен арадағы халықаралық шартында өз азаматтарын ұстап беру (экстрадициялау) көзделмесе;

2) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуға негіз болған іс-әрекет Қазақстан Республикасында қылмыс болып танылмаса;

3) ол үшін адамды ұстап беру (экстрадициялау) сұратылған қылмыс Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздеме;

4) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адамға Қазақстан Республикасы пана берсе;

5) адамға қатысты нақ сол қылмысы үшін заңды күшіне енген үкім шығарылса немесе іс бойынша процесс тоқтатылса;

6) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу алынған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмыстық қудалау бастала алмаса немесе үкім ескіру мерзімдерінің өтуі салдарынан немесе өзге де заңды негіздер бойынша орындауға келтіріле алмайтын болса;

7) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адамға, Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайлардан басқа, сұрау салушы тарапта азаптауды қолдану қатеріне ұшырауы мүмкін не оның денсаулығына, өміріне немесе бостандығына нәсілдік белгісі, діни наным, ұлты, азаматтығы (бодандығы), белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілігі немесе саяси сенімдері бойынша қауіп төніп тұр деп пайымдауға негіздер болса;

8) адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған іс-әрекет, егер Қазақстан Республикасының сұрау салушы тараппен

арадағы халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекеше айыптау тәртібімен ғана қудаланса;

9) адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған іс-әрекет, егер Қазақстан Республикасының сұрау салушы мемлекетпен арадағы халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша әскери қылмыстарға жататын болса;

10) шет мемлекеттің орталық органы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының талабы бойынша ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу жөнінде шешім қабылдау онсыз мүмкін емес қосымша материалдарды немесе деректерді бермесе;

11) адамды ұстап беру (экстрадициялау) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелеріне қайшы келсе;

12) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге де негіздер болса, адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) жол берілмейді.

Егер адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған қылмыс Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерде жасалса, бірақ Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталса, ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тартылуы мүмкін.

ӨЗ-ӨЗІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. «Экстрадиция» құқықтық институтының тарихы.
2. Экстрадиция ұғымы және түрлері, ұстап ұстап беру негіздері.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ:

Осы тақырыпқа дайындық кезінде «экстрадиция» институтының мәнін ашып, оның пайда болуы мен даму тарихын қадағалау керек. Қазіргі халықаралық құқық нормаларына сәйкес қылмыскерлерді экстрадициялау тетіктерін өзгертуге ерекше назар аудару. Қылмыскерлерді берудің құқықтық негіздерін, халықаралық және Ұлттық аспектілерді ашу. Ұлттық құқық нормаларының халықаралық құқық нормаларына сәйкестігіне назар аударылсын. Қазақстан Республикасының жаңа ҚК және ҚПК-нің қабылдануына байланысты қылмыстық және қылмыстық процесс заңнамасындағы нормаларға назар аудару.

Экстрадиция (қылмысты қылмыскерлерді ұстап ұстап беру). Ұстап ұстап берудің шарты, негізі және рәсімі. Экстрадицияның түрлері қарастыру. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беруден бас тарту негіздері анықтау. Экстрадицияның құқықтық негіздері, халықаралық және ұлттық аспектілері зерделеу.

Шетелде шыққан қылмыстық іс бойынша шешімді орындау. Азаматы болып табылатын, бас бостандығынан айырған тұлғаларды өз мемлекетінде жазасын өтеу үшін ұстап ұстап беру. Қылмыстық қудалауды шетелдік құқыққорғау органдарына ұстап беру. Қылмыстық юрисдикцияны белгілеу және жазаны қамтамасыз етуді

зерделеу. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру туралы сұрауларды қарау тәжірибесі. Жетілдіру мәселелерін және жолдарын қарастыру.

1. Ситуациялық тапсырмаларды шешу:

№ 1 Есеп

Қылмыстық істі тергеу барысында қылмыс жасаған тұлғалардың бірі Ахметов құқыққорғау органдарынан жалтарып Германиядағы – Кельн қаласына тұрақты тұруға көшіп кеткендігі анықталды. Оның сыбайластары жауапкер ретінде алдағы жауап алынушылар Ли және Кимнің айтулары бойынша Ахметов туристік жолдамамен Қазақстан Республикасына 5 айдан кейін келуі мүмкін.

1. Дәл осы жағдайда тергеуші мен жедел іздестіру қызметкерлерінің әрекетін анықтаңыз.

2. Алыс шетелдік азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайын және тәртібін анықтаңыз.

№ 2 Есеп

2014 жылдың 20 маусымында Павлодар қаласының индустриалдық ауданы полиция бөлімшесінің кезекшілік бөліміне жинақ банксіне қарақшылық шабуыл жасалғандығы туралы хабарлама келіп түскен. Жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында кезекшілік тәулікте Қазақстан Республикасының азаматтары Омаров және Косано ұсталған. Олар қылмыс жасағандарын толық мойындап, ұрланған ақшалар олардың сыбайластары Ресей Федерациясының азаматтары Иванов және Федоров алғандарын айтты. Иванов пен Федоров қылмыс жасағаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағынан кеткен және Омск қаласына барғандарын түсіндірді.

1. Дәл осы жағдайда құқыққорғау органдары қызметкерлерінің әрекетін анықтаңыз.

2. Қозғалған қылмыстық істі Ресей Федерациясына тергеуді жалғастыру үшін жіберілуі мүмкін бе.

3. Минск және Кишинев Конвенциясының жалпы сипаттамасы.

№ 3 Есеп

Адам өлтіру фактісі бойынша қылмыстық істі тергеу барысында аталмыш қылмысты Сибор жасағандығы анықталған. Қылмыс жасаған уақытында ол Қазақстан Республикасының азаматы болып табылған, осыған орай ол қазіргі уақытта РФ азаматы болып табылады және Тверь қаласында тұрады.

1. Сиборды қылмыстық тергеу тәртібін және жағдайын анықтаңыз.

2. "Экстрадиция" ұғымына анықтама беріңіз.

№ 4 Есеп

Гузук деген азаматтың пәтеріне ұрлық жасалғандығы фактісі бойынша қылмыстық істі тергеу барысында аталған қылмысты Ресей Федерациясының азаматы Фокин жасағандығы туралы анықталған. Өзбекстан Республикасының аумағында тергеу органдарынан жасырынып қарақшылық шабуыл жасағандары үшін қамауға алынған.

1. Көрсетілген жағдайда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы құқыққорғау органдары қызметкерлерінің әрекетін анықтаңыз.

2. Қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын ұстап беру тәртібі қандай.

№ 5 Есеп

2014 жылдың 04 наурызында Бішкек қ. Свердловск АІБ қылмыскерді іздеу туралы алынған тапсырманың негізінде Қарағанды қ. ІД КП-мен қарақшылық жасады деген айыппен Қырғыз азаматы Гойра қамауға алынған. Содан соң Гойра Қарағанды қ. ИВС-қа Қазақстан Республикасы ҚІЖК қарасты жабылған.

1. Аталған әрекетті жүзеге асырушы ТКП қызметкерлерінің құқылық әрекетін бағалаңыз.

2. Құқықтық көмек көрсету туралы жеке тапсырма сатысында шетел азаматтарын қамауға алу ерекшеліктері қандай.

3. “Превентивті тұтқынға алу (арест)” деген нені білдіреді?

№ 6 Есеп

2014 жылдың 10 сәуірінде Шахтинск ҚІБ ТКП жеделуәкілі Карибаев РФ Алтай крайы Заринск ҚІБ тапсырмасы негізінде РФ азаматы Паковты Қазақстан Республикасы ҚІЖК тәртібімен қамауға алған және оған қамауға алу туралы хаттама толтырған және аталмыш тапсырманы оған тіркеп, Қарағанды қ. ИВС-қа жауып тастаған.

1. Карибаевтың іс-әрекетінің заңдылығын бағалаңыз.

2. Осы жағдайда құрастырылатын құжаттардың тізімін анықтаңыз.

№ 7 Есеп

2014 жылдың 10 мамырында Ресей Федерациясының Псков қаласында ауыр қылмыс жасағаны үшін Қарағанды облысының ІД-мен іздеу салудағы Қазақстан Республикасының азаматы Алибеков ұсталған. Содан соң Алибековты Қарағанды қаласының СИЗО-сына конвоир ету туралы шешім қабылданды.

1. Қазақстан Республикасы құқыққорғау органдары қызметкерлерінің Алибековты конвоир жасауды ұйымдастырулары бойынша әрекетінің тізімін анықтаңыз.

2014 жылдың 03 маусымында Алибековты конвой жасау үшін конвой жіұстап беруге шешім берілді.

2. *Аталған жәйтте конвойға тиісті болатын құжаттарды атап шығыңыз, аталған құжаттарға қойылатын талаптарды анықтаңыз.*

2. Есеп шығару барысында төмендегілерді қолдану керек:

- 1993 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясын конспектілеу
- 2002 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Кишинев Конвенциясын
- Қазақстан Республикасының екіжақты келесімдері;
- Қазақстан Республикасының қылмыстық процесс кодексі.

ЖОСПАР

1. Қылмыскерді ұстап беруге қатысты нормативтік құқықтық актілерді зерделеу және конспектілеу:

- 1993 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясын конспектілеу
- 2002 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Кишинев Конвенциясын
- Қазақстан Республикасының қылмыстық процесс кодексі..

2. Тақырып бойынша глоссарий құру.

3. Тақырыптар бойынша есептер құру:

- 5 есеп – бағасы «өте жақсы»;
- 4 есеп – бағасы «жақсы»;
- 2 есеп – бағасы «қанағаттанарлық».

4. Өткен тақырыптар бойынша тестілеу.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

Реферат жазуға арналған тақырыптар:

1. Қылмыстық іс бойынша құқықтық көмек шеңберіндегі Қазақстан Республикасы ПО өзара іс-әрекеттестігінің тәртібі.

2. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру туралы сұрауларды ұйымдастыру шеңберіндегі Қазақстан Республикасы ПО өзара іс-әрекеттестігінің тәртібі.

3. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру – Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық процесс құқығының салаларалық институты.

4. Қылмыстық іс бойынша құқықтық көмек туралы сұрауларды орындау шеңберінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық құқықтың негізгі принциптерін сақтау.

5. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын үйлестіру мақсатындағы құрылған халықаралық ұйымдар.

5 тақырып. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалаудың халықаралық-құқықтық аспектілері

ЖОСПАР:

1. Ұстап берілмеген тұлғаларға қылмыстық қудалаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері.
2. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау мәселелері бойынша мемлекеттердің өзара байланысу тәртібі.

ДӘРИС ТЕЗИСІ

Әрбір уағдаласушы тарап екінші уағдаласушы тараптың тапсырмасы бойынша уағдаласушы тараптың заңнамасына сәйкес сұрау салған уағдаласушы тараптың аумағында қылмыс жасады деп күдікті, айыпты өз азаматтарына қарсы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қылмыстық қудалауды уағдаласушы тараптар сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік азаматтарға қатысты, оларды ұстап беруден бас тартқан жағдайда жүзеге асырады. Егер қылмыстық іс қозғалған қылмыс одан зиян шеккен адамдардың азаматтық-құқықтық талаптарына әкеп соқса, онда залалды өндіру туралы осындай адамдардың өтініші болған кезде, бұл талаптар осы істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады. Сұрау салынған уағдаласушы тараптың қылмыстық қудалауы әрекет осы уағдаласушы тарапта да қылмыстық жазалау болып табылған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін. Жасаған қылмысы үшін соттау кезінде тағайындалатын жаза сұрау салған уағдаласушы тараптың заңнамасында көзделген жазадан қатаң болуға тиіс емес.

Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру – бұл аумағында қылмыскер бар мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған немесе қылмыскер азаматы болып табылатын екінші мемлекетке қылмыскерді қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе күшіне енген үкімді орындау мақсатымен ұстап беруі. Профессор Р.М.Валеев қылмыскерлерді ұстап ұстап беру институтын халықаралық және ұлттық құқықтың тұрғысындағы институтына жатқызады. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру институты халықаралық шарттар мен халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған қағидаларына негізделеді. Бұл мемлекеттің аумағындағы айыпталушы немесе сотталушыны қылмыс жасаған немесе азматы болып табылатын немесе қылмыстан зәбір көрген мемлекеттің сұратуы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін ұстап ұстап беруден тұратын құқықтық көмек актісі болып табылады.

Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру институтына мынадай белгілер тән:

- ұстап ұстап беру рәсімі негізделетін нормалардың кешенді сипаты – мұндай жағдайда екі дербес құқықтық жүйе – ішкі мемлекеттік және халықаралық құқық нормалары өзара әрекеттеседі;

- мұндай мәселелерді дербес шешуге қабілетті халықаралық құқықтың негізгі субъектісі ретіндегі мемлекеттің құзыреті;
- ұстап ұстап беру қылмыстық іс жасаған жеке адамдарға қатысты ғана жүзеге асырылады;
- ұстап берілген адам сотпен қудаланады немесе берген мемлекеттің сот органы белгілеген жазаға тартылады

Ұстап ұстап беру мемлекеттердің қылмыстық істермен күресіндегі құқықтық өара көмек актісі болып табылады. Халықаралық құқықтың бұл институтының мазмұны әлемдік бірлестіктің халықаралық қылмыстылықпен күрес саласында күштерін ортақ біріктірулеріне байланысты жаңа мазмұнмен толықтырылды.

Бейбітшілікке қарсы халықаралық қылмыстар, әскери қылмыстар, адамзатқа қарсы қылмыстар жасаған адамдарды ұстап ұстап беру туралы мәселе алғаш бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін герман императоры Вильгелмге қатысты талқыланған болатын.

Халықаралық қылмыстық істердің жеке түрлерімен күресудегі халықаралық келісімдер қылмыскерлерді ұстап ұстап берудің құқықтық негіздері болып табылады. Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттер екі жақты тәртіпте әдеттен тыс ұстап ұстап беру (экстрадиция) немесе қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттар жасай алады. Қылмыскерлерді ұстап ұстап беру үшін заңдық негіздерді белгілеген кезе ұлттық заңдардың нормалары мен өара көмек қағидасының болуы назарға алынады.

Халықаралық қылмыстық құқықта қылмыскерлерді ұстап ұстап беру шарттарына мыналар жатады:

- жасалған әрекет ұстап ұстап беру туралы шартта көзделуі тиіс немесе қылмыстық істердің жеке түрлері бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттарда белгіленуі керек;
- қылмыстық әрекет екі мемлекеттің қылмыстық заңдарында бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатын болуы тиіс (аумағында қылмыскер жүрген мемлекет пен ұстап ұстап беруді талап етуші мемлекет).
- Ұстап берілетін адам жасаған қылмысы үшін ғана сотталады;
- әдеттен тыс ұстап ұстап беру (экстрадиция) талаптары бойынша қылмыскерді ұстап берген мемлекеттің заңында өлім жазасы көзделмеген болса, адамға ондай жаза қолданылмайды;
- егер ұстап беру туралы өтініш түрмеде қамау туралы үкімді орындау мақсатында немесе осындай құқық бұзушылық үшін бас бостандығынан айыру шарасын іске асыру мақсатында іздестірілетін адамға қатысты болса, онда мұндай жазалаудың аяқталуына кем дегенде төрт-алты айдай мерзім қалған жағдайда ғана рұқсат етіледі (мемлекеттер арасындағы келісім бойынша).

1990ж. Желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясы «Қылмыскерді ұстап ұстап беру туралы үлгі шарт»қарарын қабылдайды. Осы ұсынымдық сипаттағы актінің қабылдануы БҰҰ мүше-мемлекеттеріне қылмыстық істермен күресу мәселелріндегі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық тиімділігінің артуына

көмектесті. Әлемдік қауымдастықтың ұсынысы бойынша ұстап ұстап беруден бас тартудың императивті және факультативті негіздері болады.

Төменде көрсетілген мән-жайлардың кез-келгені бойынша қылмыскерді ұстап ұстап беруге рұқсат берілмейді (императивтік негіздер):

а) егер ұстап ұстап беру туралы келіп түскен өтініш бойынша құқық бұзушылық сұратқан мемлекетке саяси сипаттағы құқық бұзушылық ретінде қарастырылатын болса;

б) егер сұратылған мемлекет ұстап ұстап беру туралы өтініш адамды нәсілі, діни сенімі, азаматтығы, тегі, саяси көзқарасы, жынысы немесе мәртебесі белгілеріне қарай немесе соттық қудалау мақсатында сұратады деп немесе қандай да бір себептермен байланысты мұндай адамға зиян келеді деп ойласа;

в) егер құқық бұзушылыққа қатысты ұстап ұстап беру туралы келіп түскен өтініш бойынша әскери құқық көздейтін құқық бұзушылық деп танылса, бірақ әдеттегі қылмыстық құқықта олай деп есептелмесе;

г) егер сұратылған мемлекетте адамға жасаған құқық бұзушылығы үшін түпкілікті үкім шығарылып қойылса;

д) егер ұстап ұстап беру туралы өтініш келіп түскен адам екі жақтың бірінің заңы бойынша ескіру мерзімін немесе рақымшылық актісін қоса алғанда, соттық қудалаудан немесе жазалаудан иммунитеті бар болса;

Қылмыскерді ұстап ұстап беру туралы өтініш жазбаша нысанда жіберіледі. Өтініштер, куәландыратын құжаттар және хабарламалар дипломатиялық жолдаумен немесе тікелей келісімде белгіленген және тарптар тағайындаған құзыретті органдар арасында беріледі. Сөйтіп, ұстап ұстап беру туралы өтініште талап етілетін тұлға мен қажетті мәліметтердің барлығы анық сипатталуы тиіс.

ӨЗ-ӨЗІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау негізі.
2. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау рәсімі.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ:

Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау негізі және қудалау рәсімін анықтау. Ұстап берілмеген қылмыскерлерді ұстап беруден бас тарту негіздері зерделеу. Ұстап берілмегендердің құқықтық негіздері, халықаралық және ұлттық аспектілерін қарастыру керек.

Шетелде шыққан қылмыстық іс бойынша шешімді орындау. Азаматы болып табылатын, бас бостандығынан айырған тұлғаларды өз мемлекетінде жазасын өтеу үшін ұстап ұстап беру. Қылмыстық қудалауды шетелдік құқыққорғау органдарына ұстап беру.

Қылмыстық юрисдикцияны белгілеу және жазаны қамтамасыз етуді зерделеу. Ұстап берілмеген қылмыскерлер туралы сұрауларды қарау тәжірибесі. Жетілдіру мәселелерін және жолдарын қарастыру.

ЖОСПАР

Оқу топбы үш топқа бөлінді. Әрбір топқа дайындауға келесідей тапсырмалар берілді:

- Қылмыстық істер бойынша берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалауға сұрау жіұстап беру алгоритмі;

- Қылмыстық істер бойынша берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау туралы сұрау салудың орындалу алгоритмі;

Тапсырманы орындау үшін 20-25 минут беріледі. Алгоритмді дайындау барысында әрбір позицияға Қазақстан Республикасының ішкі заңнамасының және халықаралық шарттардың баптарына орынды сілтеме жасау керек..

Келесідей нормативтік құқықтық актілерді пайдалану:

- 1993 жылдағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар мен көмек көрсету туралы Минск конвенциясы;

- 2002 жылдығы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар мен көмек көрсету туралы Кишинев конвенциясы;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесс кодексі.

Тапсырма орындалғаннан кейін әрбір топ орындалған алгоритмдерді ұсынады. Ұсынылған үш презентация салыстырылады және жалпы позициялар анықталады.

Орындалған жұмыс нәтижелерін қорытындылау және шешуші дауыс оқытушыда.

1. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалауға қатысты нормативтік құқықтық актілерді зерделеу және конспектілеу:

- 1993 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясын конспектілеу

- 2002 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Кишинев Конвенциясын

- Қазақстан Республикасының қылмыстық процесс кодексі..

2. Тақырып бойынша глоссарий құру.

3. Тақырыптар бойынша салыстырмалы кесте құру:

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

1. Төмендегі тақырыпшалар бойынша конспект жазу:

1) Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру міндеті;

2) Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма;

- 3) Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма алғанға дейін өз азаматтарын қамауға алу;
 - 4) Қылмыстық қудалау мәселесі бойынша қатынас тәртібі;
 - 5) Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудан бас тарту.
2. Аталмыш тақырып бойынша әдебиетті зерделеу.
 3. Алдын-ала білім тексеру(дербес). Аталмыш пән бойынша тестілермен оқу-әдістемелік кешенде танысуға болады.

6 тақырып. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын үйлестіруші халықаралық ұйымдар

ЖОСПАР:

1. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын үйлестіруші халықаралық ұйымдар.
2. Интерполдың құқықтық және ұйымдастырылушылық қызметінің негізі.

ДӘРИС ТЕЗИСІ

Интерполды құрудың алғашқы қадамдары Монако мемлекетінің басшысы герцог Альберт I шақыруымен өткен қылмыстық полицияның бірінші конгресінде жасалды.

Оған Европа, Азия, Орталық және Оңтүстік Америкадан 24 елдің полицейлері, оның ішінде Ресей де бар, барлығы Монакода жиналып, бас қосты.

Конгресс шешімінде елдердің дипломатиялық каналдарынан бас тартып, халықаралық деңгейде мемлекеттердің полиция ведомстволарының тікелей қарым-қатынас орнатуы өз орнын тапты. Бірақ 3 айдан соң 1914 ж. 1 тамызда Германия бірінші дүниежүзілік соғысты өршітіп, барлық жоспар, шешімдер кейінге ысырылды.

Онан кейін полицейлердің бүкіләлемдік Конгресін ұйымдастырушы Австрия полициясының жетекшісі И. Шобер болды /болашақта ол – Австрия канцлері/. Венаға 1923 ж. 7 қыркүйекте еуропалық 20 елден 138 өкіл, оған қоса АҚШ, Египет, Қытай, Жапония полицейлері де келді.

Конгресс тұрақты «Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясы» ұйымын бекітіп, оның Жарғысын қабылдады. Резиденциясы – Вена қаласы. Бірінші Президенті болып жоғарыда аталған И. Шобер тағайындалды.

1946 ж. күзде Брюссельде бельгиялық Ф. Луваждың белсенділігімен соғыстай кейінгі полицияның халықаралық бірінші конгресі шақырылды. Бұл жолы ұйым резиденциясы болып Париж бекітілді. Президенті болып Луваж сайланды.

Интерполға мүше елдердің саны жыл сайын өсті. 1946 ж. олардың саны - 17, 1960 ж. — 65, 1970 ж. — 111, 1980 ж. — 130, 1990 ж. — 150, 2000 ж. – 177 –ге жетті. Интерпол жүйесіне Қазақстан да кірді.

Бүгінде Интерполдың қазіргі заман талабына сай жабдықталған штаб-квартирасы Лион қаласында өз қызметін ұйымдастырып, жүзеге асырады және бақылайды.

Жарғының 5-бабына сәйкес Интерполдың Жоғары пленарлық органы – Бас Ассамблея және әкімшілік орган – Президент басқаратын атқарушы комитеті бар.

Ұйымның Бас хатшылығын Бас Хатшы басқарады. Сонымен қатар Интерпол жүйесінде мүше елдердегі ұлттық орталық бюролары жұмыс істейді.

Бас Ассамблея Сессиясы жылына бір рет өткізіледі.

Атқарушы комитет – сайланбалы орган, ол Интерполдың барша қызметін ұйымдастырып, бақылап және жүзеге асыратын орган.

Комитет құрамына Президент, 3 вице-президент және 9 делегат кіреді. Әрбір вице-президент әр континенттен сайланады: Африка, Еуропа, Азия, Америка. Президент өкілеттігінің мерзімі – 4 жыл, вице-президенттер мен делегаттар – 3 жыл.

Ұйым консультант-кеңесші ретінде ғалымдар мен тәжірибелі қызметкерлерді шақырады.

Бас хатшы Интерполдағы негізгі фигура. Ол ұйымның қаржысына жауап береді, ұйымның саясатын анықтап, оны тәжірибеге бағыттайды.

Әкімшілік бөлім жоспарлаумен шұғылданады және Интерполдың құжаттарын жүргізеді.

Интерполдың бірінші бөлімшесінде меншікке қарсы және қару сату қылмыстары туралы ақпарат шоғырландырылған — (С тобы), жеке тұлғаға қарсы қылмыспен — (Д тобы), халықаралық терроризммен — (Т тобы) айналысады.

Екінші бөлімшеде қаржы және экономикалық қылмыстар (Е тобы), жалған ақша жасауға қарсы (F тобы) қызмет етеді.

Үшінші бөлімше есірткі құралдарын заңсыз тарату туралы барлық ақпараттарды жинап, сақтайды. Осы сатыда ерекше орын алатын тағы бір бөлімше бар, ол – ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөлімі (ФОПАК).

Ғылыми-зерттеу бөлімі құжат, баяндама, хабарламаларды дайындайды, өңдейді және сараптайды.

Жарғының 32-б-ына сәйкес Интерполға кірген әрбір мемлекет өзінің полиция қызметі құрылымында ұлттық орталық бюро жасақтауы тиіс. Оның негізгі міндеті – халықаралық деңгейде қылмыстылыққа қарсы күресте басқа елдердің ҰОБ-ларымен тығыз әрекеттестікті жүзеге асыру.

Интерпол шеңберінде мынадай міндеттер жүзеге асырылады:

- белгілі бір жерде «халықаралық қылмыскерлер туралы» және олардың жасаған қылмыстары туралы барлық ақпаратты шоғырландыру;
- осындай ақпараттың үнемі келіп тұруын қамтамасыз ету;
- оларды барынша тиімді пайдалану.

Интерпол қылмыскерлерді халықаралық деңгейде іздестіруді қадағалайды. Бірақ әлемнің кейбір елдері 1957 ж. «Қылмыскерлерді ұстап беру туралы» Конвенцияны жақтамайды, бұл да өз алдына Интерпол қызметінің проблемасы.

Интерпол іздестірудің екі түрін жасайды: кәдімгі және жедел.

Жедел іздестірудің кәдімгісінен айырмашылығы Интерпол радиоқұрылымына енетін ҰОБ-лар кезек күттірмес жағдайларда Бас хатшылықты жанамалай қылмыскерді іздестіру жөнінде хабарламаларды өздері жібере алады.

Онан басқа Интерпол қылмыстардың мына түрлеріне қарсы: жалған ақша жасау, есірткі бизнесі, өнер туындыларын және антиквариат ұрлау, ұшақтарда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты шараларды кеңінен ұйымдастырады.

1993 жылы Сенегалдағы Бас Ассамблеяда Қазақстан Республикасы Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына кіріп, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық қылмыспен табысты күресу үшін алғышарттар жасады.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. ҰОБ Қазақстан Республикасы ПМ орталық аппаратының дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады (басқарма құқығында). ҰОБ-ның жеке құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы Ережеге сәйкес қызмет өткереді.

Бюроны ішкі істер министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары бар бастық басқарады.

Қазақстан Республикасы ҰОБ негізгі функциялары.

1. Халықаралық қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша ресми және құпия (жедел-іздестіру) ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді, ол үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бөлімшелерімен, Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау органдарымен және қызметтерімен, Интерполдың Бас хатшылығымен, басқа елдердің ҰОБ-мен байланыс жүзеге асырылады.

2. Бас хатшылыққа және Интерполға мүше мемлекеттердің ҰОБ-на қылмыстар мен қылмыскерлер туралы, адамдарды, заттар мен құжаттарды іздестіру туралы деректерді беру, қылмыстық іс-әрекетке күдікті адамдарды қадағалауды жүзеге асыру туралы өтініштерді және Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарына хабарлауды, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу және ашу мақсатында басқа да ақпаратты жібереді.

3. Интерполға мүше мемлекеттердің Бас хатшылығы мен ҰОБ-на ұқсас өтініштерді орындауға қабылдайды және хабардар етеді, тиісті ұлттық құқық қорғау органдары арқылы олардың өтініштері бойынша іздестірілетін адамдарды, заттар мен құжаттарды табу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады, бұл туралы Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарына хабарлайды.

4. Қажет болған жағдайда мүдделі мемлекеттердің Бас хатшылығына және ҰОБ-на Қазақстан Республикасында шетел азаматтары жасаған қылмыстар туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған, қылмыстық жауапкершілікке тартылған және терроризмге, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына, қолдан жасалған ақшаны дайындауға және өткізуге, тарихи және мәдени құндылықтар мен қылмыстарға қол сұғушылыққа байланысты қылмыстар үшін сотталған шетелдік

азаматтар туралы мәліметтерді жібереді., Бас Ассамблеясының міндетті шешімдеріне сәйкес Халықаралық қылмыстық статистикаға енгізілуге жатады. Бұл ретте таратылуы Республика қауіпсіздігіне залал келтіруі мүмкін мәліметтерді беруге жол берілмейді.

5. Құқық қорғау органдары ұсынатын ақпарат негізінде ұйымдардың қызметінде көзделген есептерді жасайды және оларды Интерполдың бас Хатшылығына жібереді.

6. Құқық қорғау органдарының халықаралық ынтымақтастығы процесінде алынған ақпарат негізінде адамдар, фактілер, заттар және құжаттар туралы деректер банкін қалыптастырады. ҰТО-да жедел-анықтамалық есепке алуды жүргізу және пайдалану тәртібін Интерполдың ұсынымдарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының ІІМ айқындайды.

7. Қазақстан Республикасының Құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарын Интерпол жүйесіндегі халықаралық қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың талаптары мен шарттары туралы, қылмыстың алдын алу және оны ашу жөніндегі өзара іс-қимыл тәжірибесі туралы хабардар етеді, оны одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындайды. Өз құзыреті шегінде қылмысқа қарсы күрес проблемалары бойынша Интерполдың Бас Ассамблеясының шешімдері мен ұсынымдарын іске асыруға жәрдемдеседі.

8. Интерполдың Бас хатшылығының кітапханасында ұйымға қатысушы елдердің қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі қажетті заңнамалық және нормативтік актілерін, халықаралық-құқықтық құжаттарды, осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты регламенттейтін шарттарды, сондай-ақ полиция қызметі туралы құжаттарды сұратады.

9. Халықаралық ынтымақтастық проблемалары бойынша Интерполдың және басқа мемлекеттердің криминалдық қызметтерінің материалдары бойынша талдамалық шолулар, баяндамалар және қорытулар, қылмысқа қарсы күрес, қылмыскерлерді іздестіру және т.б. саласындағы оң жұмыс тәжірибесін құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың тиісті қызметтерін Ақпарат және танысу үшін дайындайды.

ӨЗ-ӨЗІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Интерполдың құрылымы.
2. Интерполдың қызметінің ұйымдастырылуы.
3. Қазақстан Республикасы Интерполының ұлттық орталық бюросы.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ:

Қылмыстық полиция (Интерпол) халықаралық ұйымның қызметі мен құрылу тарихы.

Интерполдың қызметінің негізгі бағыты, мақсаты, принциптері және міндеттері. Интерполдың құқықтық мәртебесі. Интерполдың негізгі оғандары. Қазақстан Республикасындағы Интерполдың ұлттық орталық бюросы.

Интерполдың есеп-тіркеу қызметі. Халықаралық іздестіруді ұйымдастыру. Интерполдың коммуникация құралы және қаржыландыру.

Қазақстан Республикасы Интерполының ҰОБ, ҰОБ Интерполының қызметінің мақсаты және міндеті. ҰОБ қызметі. ҰОБ Интерполымен өзара іс-әрекеттесу тәртібі.

Сабақ Интерпол қызметі туралы бейнероликті талдау негізінде өткізіледі. Роликті көргеннен кейін оған талқылау жүргізіледі. Сондай-ақ талқылау барысында келесідей сұрақтарға назар аудару керек:

- Интерполдың қызмет ету мақсаты қандай?
- Интерполдың құрылымы?
- Интерпол қызметінің негізгі мақсаты қандай?

1. Интерполдың құрылтай құжаттарының қызметін зерделеу.
2. Қазақстан Республикасы Интерполының ҰОБ қызметін және Қазақстан Республикасы құқыққорғау органдарымен өзара іс-әрекеттесу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу.
3. Қажеттілігі болған жағдайда нормативтік құқықтық актілерді конспектілеу.
4. Тақырып бойынша глоссарий құру.
5. Өткен тақырыптар бойынша тестілеу.
6. Пән бойынша нәтижелерді қорытындылау.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

1. Берілген тізім бойынша тақырыпқа қатысты әдебиеттер тізімен зерделеу.
2. Қажеттілігі болған жағдайда желеген сұрақтарды конспектілеу.
3. Берілген төмендегі тақырыпшалар бойынша реферат жазу:
 - а) Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын үйлестіру мақсатындағы құрылған халықаралық ұйымдар.
 - б) Интерпол – қылмыстық полицияның халықаралық ұйымы.
 - в) Интерполдың тарихы.
 - г) Интерполдың қызметінің ұйымдастырылу түрлері.
 - д) Халықаралық іздеуді ұйымдастырудың және жүргізудің құқықтық негіздері.
4. Барлық өткен тақырыптар бойынша тестілеуге дайындалу.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастық туралы заңнамасы.
2. Қылмыстық қудалау құқықтық көмектің бір түрі ретінде.
3. Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың мәні және мазмұны.
4. Тұлғаны ұстау кезіндегі мерзім.
5. Интерполдың атқарушы комитеті: құрылымы, мақсаты, қызметі.
6. Интерпол бойынша тұлғаның идентификациясы.
7. Интерпол тарихы.
8. Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың нысандары.
9. Интерполдың Бас Ассамблеясының қызметі.
10. Қазақстан Республикасымен бекітілген қылмыспен күресудегі халықаралық шарттар.
11. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
12. Халықаралық қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
13. Жалпы-қылмыстық қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
14. Экономикалық қылмыстармен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
15. Терроризммен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
16. Нашакорлық құралдар мен психотроптық заттармен заңсыз айналысумен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
17. Қылмыспен күресудегі Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық және ұлттық құқықтық негіздері.
18. Қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру мақсатында құрылған халықаралық ұйымдар.
19. Халықаралық мазмұндағы қылмыстармен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
20. Қылмыстың алдын-алу және құқықбұзушыларды қарау бойынша БҰҰ Конгресі: мақсаты, міндеті, қызметі, жұмыс тәртібі.
21. Интерполдан келетін сұрауларды жіктеу.
22. Қылмыспен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының мәселелері.
23. Қылмыспен күресудегі Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастығының құқықтық негіздері.

24. Ұстап беру туралы талапты жасау тәртібі.
25. Қылмыстық іс бойынша құқықтық көмектің бір түрі ретінде сараптама жүргізу.
26. Құқықтық көмек ретінде обыск, изъятие, пересылка вещественный құжаттарды жүргізу.
27. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма.
28. Халықаралық құқық бұзушылықтың түрлері: ұғымы, түрлері, ерекшеліктері.
29. Интерполмен жүзеге асырылған іздестіру түрлері.
30. Қазақстан Республикасындағы Интерполдың ҰОБ Қазақстан Республикасының басқа құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттестігі.

Тест тапсырмалары:

1. Сұраушы мекеме құқықтық көмек туралы тапсырманы орындау барысында сұратушы тараптың іс-жүргізу нормаларын қолдануы мүмкін бе?

- A) мүмкін емес;
- B) мүмкін;
- C) сұраушы мекеменің өтініші бойынша мүмкін, егер олар сұратушы тараптың заңдарына қайшы келмесе;
- D) тапсырманы орындау кезінде тек өз мемлекетінің заңнамасы қолданылады;
- E) аталған сұрақ халықаралық құқықта түсіндірілмейді.

2. Халықаралық іздестіруге хабарлау жатады:

- A) тергеуден, анықтаудан, соттан жасырынған, қашып кеткен, Қазақстанның аумағынан шығып кеткен тұлғалар;
- B) ұрланған және хабар-ошарсыз жоғалған тұлғалар, іздеу салушылардың шекарадан шыққандығы туралы мәлімет болуы;
- C) республикалық іздестіруге жарияланған тұлғалар
- D) тек А,В, пункттерінде көрсетілген жағдайда;
- E) халықаралық іздеу салуға хабарланған барлық тұлғалар.

3. Интерпол бағыты бойынша «сары бұрыштама» хабарлама құралады:

- A) хабар-ошарсыз жоғалған тұлғаны іздестіруге ұстап беру туралы;
- B) орналасқан жерін анықтау мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;
- C) соттылыны қамауға алу және ұстап ұстап беру мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;
- D) жедел есепке алу ісі бойынша өтіп жатқан тұлғаға, шетелдегі оның қызметі туралы ақпарат алу мақсатында;
- E) мәйітке.

4. Интерпол бағыты бойынша «көк бұрыштама» хабарлама құралады:

- A) хабар-ошарсыз жоғалған тұлғаны іздестіруге ұстап беру туралы;
- B) орналасқан жерін анықтау мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;
- C) соттылыны қамауға алу және ұстап ұстап беру мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;

- D) жедел есепке алу ісі бойынша өтіп жатқан тұлғаға, шетелдегі оның қызметі туралы ақпарат алу мақсатында;
E) мәйітке.

5. Интерпол бағыты бойынша «жасыл бұрыштама» хабарлама құралады:

- A) хабар-ошарсыз жоғалған тұлғаны іздестіруге ұстап беру туралы;
B) орналасқан жерін анықтау мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;
C) соттылығын қамауға алу және ұстап ұстап беру мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;
D) жедел есепке алу ісі бойынша өтіп жатқан тұлғаға, шетелдегі оның қызметі туралы ақпарат алу мақсатында;
E) мәйітке.

5. Интерполдың Бас Хатшылығы құрылымына кіреді:

- A) алты бөлімше
B) үш бөлімше
C) бес бөлімше
D) төрт бөлімше
E) жеті бөлімше.

6. Есірткі қылмыстарымен күресудегі Шанхай комиссиясы құрылды:

- A) 1907 жылы;
B) 1909 жылы;
C) 1911 жылы;
D) 1913 жылы;
E) 1919 жылы.

7. Есірткі құралдары жөніндегі БҰҰ комиссиясының құрамына кіреді:

- A) ЭКОСОС пен тағайындалатын 40 мүше;
B) БҰҰ Бас хатшылығымен тағайындалатын 35 мүше;
C) БҰҰ Бас Ассамблеясымен сайланатын 50 мүше;
D) Қауіпсіздік Кеңесімен тағайындалатын 40 мүше;
E) БҰҰ құрылымында мұндай орган болмайды.

8. Есірткі құралдарын бақылау жөніндегі Халықаралық Кеңес:

- A) Интерполдың Бас ассамблеясымен тағайындалатын 15 мүше-сарапшылардан тұрады;
B) Интерполдың Бас хатшылығымен тағайындалатын 20 мүше-сарапшылардан тұрады;
C) Интерполдың Бас хатшылығымен тағайындалатын 30 мүше-сарапшылардан;
D) БҰҰ Бас Ассамблеясымен тағайындалатын 13 мүше-сарапшылардан тұрады;
E) ЭКОСОС пен тағайындалатын 13 мүше-сарапшылардан тұрады;

9. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясында шығындарды өтеу туралы мәселе қалай реттеледі?

- A) аталған мәселе Конвенцияда қарастырылмайды;
B) сұраушы тарап шығынды өтейді;

- C) сұратушы тарап шығынды өтейді;
- D) қай аумақта туындаған шығынды сол тарап өтейді, егер Конвенцияда басқадай көзделмеген жағдайда;
- E) шығындар арнайы халықаралық қордан өтеледі.

10. Минск Конвенциясында құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығындардың орнын толтыру қалай реттеледі?

- A) келісуші тараптар құқықтық көмек көрсету кезінде туындаған шығындардың барлығын өздері көтереді;
- B) сұраушы тарап шығындардың орнын толтыруды талап етуі мүмкін;
- C) құқықтық көмек көрсету сұраушы тараптың есебінен жүзеге асырылады;
- D) сұраушы тарап шығынның бөлігін ғана өтейді;
- E) шығындар арнайы халықаралық қордан өтеледі.

11. Интерпол бағыты бойынша «қызыл бұрыштама» хабарлама құралады:

- A) хабар-ошарсыз жоғалған тұлғаны іздестіруге ұстап беру туралы;
- B) орналасқан жерін анықтау мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;
- C) соттылығын қамауға алу және ұстап ұстап беру мақсатында, айыпталушыны іздестіру туралы;
- D) жедел есепке алу ісі бойынша өтіп жатқан тұлғаға, шетелдегі оның қызметі туралы ақпарат алу мақсатында;
- E) мәйітке.

12. Қазақстан Республикасында Интерпол бағыты бойынша сұрау салудың (запрос) орындалуын тапсыру кімге тыйым салынады?

- A) техникалық құрам қызметкерлеріне, сонымен бірге өз мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс істеген офицерлік құрамның аттестациялаудан өткен қызметкерлеріне;
- B) тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге;
- C) техникалық құрам қызметкерлеріне, сонымен бірге өз мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс істеген офицерлік құрамның аттестациялаудан өткен қызметкерлеріне;
- D) рұқсаты болмаған қызметкерлерге;
- E) сұрау салу органдардың басшыларымен ғана орындалады.

13. Қазақстан Республикасының ҚІЖ кодексінде қылмыстық іс бойынша шетел мемлекеттерінің құзырлы мекемелерімен және лауазымды тұлғаларымен қылмыстық процессді жүргізетін органдардың өзара іс-әрекеттестік тәртібі реттеледі:

- A) 54 тарауда;
- B) 53 тарауда ;
- C) 52 тарауда;
- D) 50 тарауда;
- E) дұрыс жауап жоқ.

14. Сұраушы тараптың мекемесіне шақырту бойынша келген куәгер мен жәбірленушінің қолсұғылмаушылық кепілдігі мерзімі аяқталады:

А) сол күннен бастап 5 тәулік мерзімі өткен соң, куәгер мен жәбірленушінің қатысуының қажет еместігін оны сұратып отырған әділет орны мекемесі хабарлайды;

В) сол күннен бастап 20 тәулік мерзімі өткен соң, куәгер мен жәбірленушінің қатысуының қажет еместігін оны сұратып отырған әділет орны мекемесі хабарлайды;

С) сол күннен бастап 15 тәулік мерзімі өткен соң, куәгер мен жәбірленушінің қатысуының қажет еместігін оны сұратып отырған әділет орны мекемесі хабарлайды;

Д) сол күннен бастап 10 тәулік мерзімі өткен соң, куәгер мен жәбірленушінің қатысуының қажет еместігін оны сұратып отырған әділет орны мекемесі хабарлайды;

Е) аталған сұрақ конвенцияда қарастырылмайды.

15. Сұраушы тараптың мекемесіне шақырту бойынша келсе куәгер мен жәбірленушінің (иммунитеті) қолсұғылмаушылығы нені білдіреді?

А) егер ол шетел мемлекетінің азаматы болып табылса, мемлекеттік шекарадан өткеннен бұрын немесе дейін жасаған әрекеті үшін тұтқынға алынуы және күштеп әкелінуі, қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін;

В) егер ол шетел мемлекетінің азаматы болып табылса, мемлекеттік шекарадан өткеннен бұрын немесе дейін жасаған әрекеті үшін тұтқынға алынуы және күштеп әкелінуі, қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін емес;

С) өз азаматтығына қарамастан ол мемлекеттік шекарадан өткеннен бұрын немесе дейін жасаған әрекеті үшін тұтқынға алынуы және күштеп әкелінуі, қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін емес;

Д) тек көрінеу жалған айғақ бергенде қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін;

Е) аталған сұрақ конвенцияда қарастырылмайды.

16. ИСООНУП – бұл ...

А) трансұлттық экономикалық және ұйымдасқан қылмыстарға қарсы күрес жөнінде БҰҰ бөлімшесі;

В) қылмыстық сот төрелігі саласындағы БҰҰ ақпараттық байланысы;

С) әуе және теңіз полиция порттарының халықаралық ассоциациясы (қауымдастығы);

Д) есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық ассоциациясы;

Е) есірткіні бақылау жөніндегі БҰҰ бағдарламасы.

17. Қазақстан Республикасының азаматы шетел мемлекетіне берілуі мүмкін бе?

А) берілуі мүмкін

В) берілуі мүмкін, егер бұл халықаралық шарттармен белгіленсе;

С) берілуі мүмкін, егер ол халықаралық қылмыс жасады деп айыпталса;

D) берілуі мүмкін емес, ешқандай жағдайда;

E) аталған сұрақ халықаралық құқық және ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ заңдарымен реттелмейді.

18. Қазақстан Республикасында саяси баспана алған тұлға шетел мемлекетіне берілуі мүмкін бе?

A) берілуі мүмкін

B) берілуі мүмкін, егер бұл халықаралық шарттармен белгіленсе;

C) берілуі мүмкін, егер ол халықаралық қылмыс жасады деп айыпталса;

D) берілуі мүмкін емес, ешқандай жағдайда;

E) аталған сұрақ халықаралық құқық және Қазақстан Республикасы заңдарымен реттелмейді.

19. Тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап ұстап берудің (выдачи) негізі болып табылады

A) егер тұлға қылмыс жасаса, ол үшін оған сотпен бас бостандығынан айыруға кемінде алты ай мерзімге үкім шығарылса

B) егер тұлға қылмыс жасаса, ол үшін оған сотпен бас бостандығынан айыруға кемінде бір жыл мерзімге үкім шығарылса

C) егер тұлғаның жасаған қылмысы үшін, бас бостандығынан айыруға кемінде алты ай мерзімге жаза тағайындалса

D) егер тұлғаның жасаған қылмысы үшін, бас бостандығынан айыруға кемінде бір жыл мерзімге жаза тағайындалса

E) ешқандай арнайы негіз болмайды.

20. Жазаны өтеуі үшін тұлғаны ұстап ұстап беру негізі болып саналады

A) егер тұлға қылмыс жасаса, ол үшін оған сотпен бас бостандығынан айыруға кемінде алты ай мерзімге үкім шығарылса

B) егер тұлға қылмыс жасаса, ол үшін оған сотпен бас бостандығынан айыруға кемінде бір жыл мерзімге үкім шығарылса

C) егер тұлғаның жасаған қылмысы үшін, бас бостандығынан айыруға кемінде алты ай мерзімге жаза тағайындалса

D) егер тұлғаның жасаған қылмысы үшін, бас бостандығынан айыруға кемінде бір жыл мерзімге жаза тағайындалса

E) ешқандай арнайы негіз болмайды.

21. Мемлекеттердің қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастығы белгіленген принциптерде негізделеді:

A) 1945 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында;

B) 1970 жылғы БҰҰ жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастарға және ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық принциптері туралы Декларацияда;

C) 1975 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі жиналысының қорытынды Актісінде;

D) мемлекеттердің ұлттық заңдарында;

E) А,Б,В,Г пункттерінде барлық көрсетілгендер.

22. Мемлекеттердің қылмыспен күресудегі қызметін үйлестіруші БҰҰ-ның негізгі органы болып табылады:

- A) Бас Ассамблея;
- B) Бас хатшылық;
- C) ЭКОСОС;
- D) Қауіпсіздік кеңесі;
- E) Халықаралық Сот.

23. Халықаралық сипаттағы қылмыстық қылмыстар - бұл ...

- A) түрлі салалардағы бейбітшілік ынтымақтастыққа зардап келтіретін және мемлекеттер арасындағы дұрыс қарым-қатынасқа теріс ықпал ететін, халықаралық қылмыстарға жатпайтын, халықаралық шарттармен көзделген қоғамға қауіпті әрекет;
- B) түрлі салалардағы бейбітшілік ынтымақтастыққа зардап келтіретін және мемлекеттер арасындағы дұрыс қарым-қатынасқа теріс ықпал ететін, халықаралық қылмыстарға жатпайтын, халықаралық шарттармен және мемлекеттердің заңдарымен көзделген қоғамға қауіпті әрекет;
- C) түрлі салалардағы бейбітшілік ынтымақтастыққа зардап келтіретін және мемлекеттер арасындағы дұрыс қарым-қатынасқа теріс ықпал ететін, халықаралық қылмыстарға жатпайтын, ұлттық қылмыстық заңдармен көзделген қоғамға қауіпті әрекет;
- D) түрлі салалардағы бейбітшілік ынтымақтастыққа зардап келтіретін және мемлекеттер арасындағы дұрыс қарым-қатынасқа теріс ықпал ететін, халықаралық қылмыстарға жататын, халықаралық шарттармен көзделген қоғамға қауіпті әрекет;
- E) Халықаралық шарттармен көзделген қылмыстар, оларға жауапкершілікті осы мақсаттар үшін Халықаралық қылмыстық сот құру арқылы жүзеге асырылады.

24. Қылмыспен күресудегі халықаралық шарттар реттеу түрі бойынша жіктеледі:

- A) екі жақты, көп жақты;
- B) мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық;
- C) қылмыстың жекелеген түрлерімен күресудегі ынтымақтастықты реттеуші мәселелер, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің халықаралық-құқықтық негіздерін реттеуші мәселелер;
- D) өзі орындалатын, өзі орындалмайтын;
- E) әмбебап, аймақтық, жергілікті.

25. Қазіргі Интерполды құру бастамашылығы кіммен қабылданды:

- A) Австрия полициясының бастығы – Шобер (XX ғ. 20-шы жылдары);
- B) ресей ғалым-заңгері – Ф.Ф. Мартенс;
- C) Монак мемлекетінің басшысы – герцог Альберт-1 (XX ғ. басы);
- D) Франция үкіметі;
- E) Америка Құрама Штаттарының үкіметі.

26. Кепіл тұтқынға алумен (захват золожника) күрес туралы Конвенцияға сәйкес кепіл тұтқынға алу актісін жасаған қылмыскерді ұстап ұстап беру өтінішінен бас тартылуы мүмкін:

- A) егер сұратушы мемлекеттен ондай тұлғаның нәсіліне, дініне, ұлттық және этникалық түріне немесе саяси көзқарастарына байланысты себептері бойынша, ұстап ұстап беру туралы өтінішінің дәйекті негізі бар деп есептелген жағдайда;
- B) аталған тұлға жағынан зардап келтірілсе;
- C) егер мемлекеттер арасында ұстап ұстап беру туралы тиісті шарт бекілмесе;
- D) егер мемлекет мұндай тұлғаны Халықаралық қылмыстық трибуналға тапсыру керек деп шешім қабылдағанда;
- E) тек А,В, пункттерінде көрсетілген жағдайда ғана.

27. Қазіргі уақытта жалған ақша жасаумен күресу аясындағы халықаралық ынтымақтастығының барлық мәселелері толық белгіленеді:

- A) Біріккен Ұлттар Ұйымында Организации Объединённых Наций;
- B) Халықаралық Қылмыстық полиция ұйымында (Интерпол);
- C) жалған ақша жасаумен күресу жөніндегі Орталық бюрода;
- D) (ЭКОСОС) экономикалық және әлеуметтік кеңесте;
- E) жалған ақша жасаумен күрес аясындағы ықпалдастық мәселелерімен осы органдардың бірде біреуі айналыспайды.

28. ЮНФДАК – бұл ...

- A) Есірткі құралдары жөнінде БҰҰ комиссиясы;
- B) Есірткі құралдары жөнінде бөлімшесі;
- C) Есірткі құралдарын бақылау жөнінде Халықаралық кеңесі;
- D) Есірткі құралдарын бақылау жөнінде БҰҰ бағдарламасы;
- E) Есірткі құралдарын теріс пайдалануға қарсы күрес жөнінде қоры.

29. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Конвенцияға сәйкес «бақыланатын жеткізілім» («контролируемая поставка») нені білдіреді - ...

- A) Есірткі құралдардың, психотроптық заттардың заңсыз немесе күмән келтіретін партияларын бір немесе бірнеше мемлекеттердің аумағына әкелуге және әкетуге рұқсат бермейтін әдіс;
- B) Есірткі құралдардың, психотроптық заттардың заңсыз немесе күмән келтіретін партияларын бір немесе бірнеше мемлекеттердің аумағына әкелуге және әкетуге рұқсат бермейтін, осы Конвенцияның қосымшасында сипатталған, 1 Кестесінде және 2 Кестесінде көрсетілген әдіс;
- C) осы Конвенцияның қатысушы-мемлекетінің аумағы арқылы аса ірі көлемдегі есірткілердің заңсыз жөнелтілуін анықтау және алдын-алу бойынша операциясы;
- D) заңсыз есірткі саудасымен айналысатын қылмыстық топтарды тұтқынға алу және жауапкершілікке тарту бойынша операциясы;
- E) есірткі құралдарымен және психотроптық заттармен заңсыз операцияларына байланысты кінәлі тұлғаларды соттық жазаға тарту үшін мемлекеттерге ұстап ұстап беру және тапсыру мақсатында Интерполмен атқарылатын шаралар.

30. Қылмыстық істер бойынша құқық көмек туралы тапсырманы орындау кезінде

- A) сұратушы тараптың заңнамасы қолданылады;
- B) сұраушы тараптың заңнамасы қолданылады;
- C) екі тараптың заңнамасы қолданылады;
- D) сұратушы тараптың өтініші бойынша сұраушы тараптың заңнамасы қолданылуы мүмкін, сұраушы тараптың заңнамасы қолданылады;
- E) халықаралық құқықта аталған сұрақ реттелмейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың тұжырымдамасы мен нысаны.
2. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың бағыттары.
3. Жалпыға ортақ қылмыстардың белгілі бір түрлерімен күресуде халықаралық ынтымақтастық және ақпарат алмасу.
4. Халықаралық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.
5. Халықаралық сипаттағы қылмыстардың түрлері.
6. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек.
7. Құқықтық көмек туралы бұйрық, талаптарды, мазмұнды, нұсқау тәртібін, орындау мерзімдерін.
8. Құқықтық көмек алудан бас тарту негіздері. Құқықтық көмек шарт негізінде және өзара принципі негізінде.
9. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету деңгейі.
10. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету субъектілері.
11. Қылмыскерлерді ұстап ұстап берудің, халықаралық және ұлттық аспектілер.
12. Қылмыс жасаған адамды ұстап ұстап беруден бас тарту негіздері. Қылмыскерді ұстап ұстап беруден бас тартудың салдары.
13. Қылмыскерлерді ұстап ұстап берудің мерзімдері.
14. Превентивті (экстрадициялық) қамаққа алу.
15. Ұсталған тұлғаларды қылмыстық қудалаудың шектері.
16. Ұстап берілмеген тұлғаларды қылмыстық қудалау.
17. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесс кодексі.
18. Қылмыстық қудалау құқықтық көмек түрі ретінде.
19. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың мәні мен мазмұны.
20. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мерзімі.
21. Интерполдың атқарушы комитеті: құрылымы, міндеттері, функциялары.
22. Адамды Интерпол желісі арқылы анықтау.
23. Интерполдың тарихы.
24. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың нысандары.

25. Интерпол Бас Ассамблеясының функциялары.
26. Қазақстан Республикасы ратификациялаған қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық құқықтық актілер.
27. Халықаралық сипаттағы қылмысқа қарсы күрестегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
28. Ортақ қылмысқа қарсы күрестегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
29. Экономикалық қылмыстармен күресуде мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
30. Терроризмге қарсы күрестегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
31. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
32. Қылмысқа қарсы күресте Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық және ұлттық-құқықтық негіздері.
33. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру үшін құрылған халықаралық ұйымдар.
34. Халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресудегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
35. Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыстың алдын-алу және қылмыскерлермен қарым-қатынасы жөніндегі Конгресі: мақсаттары, міндеттері, функциялары, жұмыс тәртібі.
36. Интерполдан келіп түскен сұраулардың жіктелуі.
37. Мемлекеттердің қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық мәселелері.
38. Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен қылмыспен күрестегі халықаралық ынтымақтастығының құқықтық негіздері.
39. Ұстап ұстап беру туралы сұрауды қарау тәртібі
40. Сараптама жүргізу қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек түрі ретінде.
41. Заттай құжаттарды іздестіру, алу, жіктеу беру құқықтық көмек түрі ретінде.
42. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы нұсқау.
43. Халықаралық құқық бұзушылықтың түрлері: тұжырымдамасы, түрлері, ерекшеліктері.
44. Интерпол жүргізетін іздеу түрлері.
45. Қазақстан Республикасындағы Интерполдың ҰОБ Қазақстан Республикасының басқа құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуі.
46. Құжаттарды құқықтық көмек түріне ұсыну.
47. Қылмыстық істер бойынша тараптардан жауап алу құқықтық көмек түрі ретінде.

48. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасындағы Интерполдың ҰОБ қызметі.

49. Қазақстан Республикасында Интерполдың ҰОБ көлік құралдарын ұрлаумен күрес жөніндегі қызметі.

50. Қазақстан Республикасында Интерполдың ҰОБ экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жөніндегі қызметі.

51. Қазақстан Республикасындағы Интерполдың ҰОБ-нің өнер туындыларын және антиквариаттарды ұрлаумен күресу жөніндегі қызметі.

52. Куәлар, жәбірленушілер, азаматтық талапкерлер, азаматтық жауапкерлер, олардың өкілдері және сарапшылар ретінде шақырылған адамдардың кепілдіктері.

53. Интерполдың Бас хатшылығы: құрылымы, міндеттері, функциялары.

54. Интерполдың құрылымы.

55. Құжаттарды ресімдеу және жіұстап беру құқықтық көмек түрі ретінде.

56. Мамандармен тәжірибе алмасу және оларды оқыту қылмысқа қарсы күресуде халықаралық ынтымақтастық нысаны ретінде.

57. Қазақстан Республикасының қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтағы негізгі бағыттары.

58. БҰҰ - қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың үйлестірушісі.

59. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуден бас тарту негіздері.

60. Ұстап ұстап беруден бас тарту негіздері.

61. Қылмыстың алдын-алу және онымен күресу бойынша БҰҰ комитеті (міндеттері, қызметі, құрылымы).

62. 1961 жылғы есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияның негізгі ережелері.

63. 1988 жылғы есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясының негізгі ережелері.

64. 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияның негізгі ережелері.

65. 1996 жылғы БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының негізгі ережелері.

66. 1979 жылғы БҰҰ-ның кепілдікке алуға қарсы күрес туралы конвенциясының негізгі ережелері

67. 1993жылғы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы Минск конвенциясының негізгі ережелері.

68. 1989 жылғы жалдамалыларды тарту, пайдалану, қаржыландыру және оқытуға қарсы халықаралық конвенцияның негізгі ережелері

69. 1990 жылғы БҰҰ-ның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға, іздестіруге, алып қоюға және тәркілеуге қатысты конвенциясының негізгі ережелері.

70. Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстарды жасағаны үшін шетел азаматтарының жауапкершілігі.

71. Ұстап ұстап беру туралы өтінішті қарау тәртібі.
72. Берілген адамның қылмыстық қудалау шегі.
73. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек: мәні, ауқымы, негізі, құқықтық негізі.
74. Қазақстан Республикасы Интерполының ҰОБ-нің сұрауын орындау тәртібі.
75. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы нұсқаулықты орындау тәртібі.
76. Қазақстан Республикасы Интерполының ҰОБ-да ақпаратты өңдеу тәртібі.
77. Интерполдың халықаралық іздеу тәртібі.
78. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі нұсқаулық.
79. Қазіргі кезеңдегі қылмысқа қарсы күрестегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық мәселелері.
80. Қазақстан Республикасы Интерполдың ҰОБ: мақсаттары, міндеттері, функциялары.
81. Экстрадициялау: тұжырымдамасы, құқықтық негіздері, түрлері, негіздері.
82. 2002 жылғы «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша көмек пен құқықтық қатынастар туралы» Кишинев конвенциясының негізгі ережелері.
83. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесс және қылмыстық заңнаманың, қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтағы жаңашылықтары туралы.
84. Қазақстан Республикасының заңнамасында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық нормаларды имплементациялау.
85. Қазақстан Республикасының заңнамасына қылмыскерлерді экстрадициялау туралы халықаралық нормаларды имплементациялау.
86. Халықаралық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық нормаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялау.
87. Құқық қорғау органдарының қылмыспен күрес саласындағы құқық қолдану практикасының мәселелері.
88. Халықаралық қылмыстық құқықтың мәні мен мазмұны.
89. Адам саудасына қарсы күрестегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы.
90. Қазақстан Республикасының қылмыстылықпен күрес саласындағы мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығындағы келісім-шарттық негізі.